

**АҚША СОҒЫСЫНЫҢ АҚЫРЫ НЕМЕН ТЫНАДЫ?**

7-БЕТ | ШАРТАРАП



**ОРАЗА ЖӘНЕ ОҚУШЫ**

8-БЕТ | САРАПТАМА

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ САПАСЫН БАРЫНША АРТТЫРУ КЕРЕК. БҰЛ МӘСЕЛЕ МЕНІҢ АЙРЫҚША НАЗАРЫМДА ЕКЕНІН БІЛЕСІЗДЕР. СЕБЕБІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ – АДАМ. ҚАРЫМ-ҚАБІЛЕТІ ЗОР, БІЛІМДІ АЗАМАТТАР ЕЛІМІЗДІ АЛҒА БАСТАЙДЫ.


№40
(4473)
Бейсенбі
6 сәуір
2023 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ




## СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ – 1 МАУСЫМДА

Биыл елімізде оқу жылы 31 мамырда аяқталады. Бұл жөнінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаев мәлім етті.

Министр оқу жылының ұзаруы мен соңғы қоңырауды 1 маусымда тойлауға қатысты ата-аналар тарапынан шағымдарға жауап берді.

«Көптеген ата-ана 25 мамырды қайта қайтару туралы айтуда. Шешім ертерек қабылданып қойған. Сондықтан оны бірден іс жүзінде қолдану оңай нәрсе емес. Бұл бұған дейін қабылданған оқу жоспарына әсер етеді. Өйткені мұғалімдердің сағаты мен оқу материалының жоспарланған көлемі бекітілген. Сондықтан алдын ала қабылданған шешім, яғни соңғы қоңырау 1 маусымда жүзеге асырылатын болады» деді министр Үкімет отырысынан кейін БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында.




«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР




Оңалхан ӨНЕРХАН

# ЕРКЕЛЕТШІ ҮШЕМІҢДІ, ЕЛОРДА!

Астанада үшем дүниеге келді. №3 көпбейінді қалалық аурухана перзентханасында туған нәрестелердің екеуі – қыз, біреуі ұл болды.

Елордада жыл сайын шамамен 33 мыңдай бала дүниеге келеді. Биыл жыл басынан бері 7 мыңнан аса сәби туған. Астаналықтар қатарын көбейтіп жатқан әр баланың бауы берік болғай!

6

Бас қалада 8 сәуірден бастап төрт маршруттық автобустың қозғалыс кестесі өзгереді. Бұл туралы City Transportation Systems компаниясы хабарлады.

## ҚОЗҒАЛЫС КЕСТЕСІ ӨЗГЕРЕДІ



«Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және апаттық жағдайлардың алдын алу мақсатында, аялдама пунктінен шығудағы, сондай-ақ төрт жолақты жол төсемі кезінде солға бұрылыста қайта тұру кезіндегі қиындыққа байланысты, Тұран даңғылының бойында (Қорғалжын тасжолы бағытында) орналасқан Keruen City COO аялдама пункті 2023 жылғы 8 сәуірден бастап №35, 300, 305, 312 бағдарлардың қозғалыс схемасынан алып тасталады» делінген хабарламада.

Компания жолаушылардан мұқият болуды және өз бағдарын алдын ала жоспарлауды өтінеді.

## ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН ЖҮГІРЕЙІК!

Елордада жүгіру маусымы ашылды. Мерекелік іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен қалалық триатлон федерациясы ұйымдастырды.



Триатлон парктің жүгіру жолында ұйымдастырылған Astana Run жарысына 350-ден аса астаналық қатысты. Жарыс алдында ұжымдық жаттығулар өткізілді. Ал жарыс жолына 16 жастан 60 жасқа дейінгі және одан жоғары жастағы әуесқой спортшылар шықты. Жарысқа қатысушыларға тәттілер, сусын, ыстық шай ұсынылды. Ал ең бастысы, әрине, жарыс жолындағы жүгіру болды. Маусымашар жарысқа келушілер 5 шақырымға жүгірді.

Astana Run жарысына қатысқан барлық жас санатындағы ерлер мен әйелдер арасында үздік нәтижелер бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды. Олар медальдармен, дипломдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.




# АЛҒАШҚЫ ІРІ ИНВЕСТОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Теңізшевройл» компаниясының 30 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты. Президент «Шеврон» корпорациясы Қазақстанмен бірлескен кәсіпорын ашқан алғашқы шетел компаниясы екенін атап өтіп, компанияның 30 жылдық мерейтойы еліміздің мұнай-газ саласы үшін айтулы оқиға екенін айтты.

«Бүгінде «Теңізшевройл» жетекші халықаралық компания ретінде еліміздің жалпы экономикалық дамуына табысты үлес қосып келеді. Елімізде өндірілетін мұнайдың үштен бірі «Теңізшевройлға» тиесілі. Компания отыз жыл ішінде 70 миллиард доллар инвестиция құйып, мемлекет бюджетіне 160 миллиард доллардан астам кіріс әкелді. Компания тауарлар мен қызметтердің 70 пайызын жергілікті өнім жеткізушілерден сатып алады. «Теңізшевройл» жұмысшыларының 95 пайыздан астамы – Қазақстан азаматтары» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, компания мұнай саласында озық технологияларды белсенді түрде қолданып, көмірсутегі бейтараптығына қол жеткізуге септігін тигізетін шараларды дәйекті түрде қабылдап жатыр.

«2000 жылдан бері компания ауаға таралатын шығарындылардың көлемін 75 пайызға азайтты. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуға тиіс. Теңіз кен орнындағы өндірісті ауқымды түрде кеңейту жобаларының жүзеге асырылуы аяқталып келеді. Бұл елімізге мұнай өндірісінің көлемін тағы да 12 миллион тоннаға арттырып, әлемдегі ең ірі мұнай жеткізуші елдердің қатарына кіруге мүмкіндік береді» деді Президент.

Мемлекет басшысы жаңа шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде шағын және орта бизнесті дамыту мәселесіне баса назар аударғанын атап өтті. Оның пікірінше, «Теңізшевройл» бұл бағытта да маңызды рөл атқарады. Компанияның ауқымды өндірістік қуатының арқасында әртүрлі салада жүздеген жаңа кәсіпорынның пайда болуына экономикалық негіз қаланды. Соның нәтижесінде он мыңдаған жұмыс орны ашылды.

Бұдан бөлек, Президент «Теңізшевройлдың» әлеуметтік жауапкершілігі туралы айтты. Кәсіпорын отыз жылда 100-ден астам ірі әлеуметтік жобаны іске асырған. Атап айтқанда, мектептер, балабақшалар, ауруханалар мен басқа да нысандардың құрылысына қомақты қаржы бөлген. Жиын соңында Президент отандық мұнай саласына сіңірген ерекше еңбегі үшін бірқатар еңбек ардагері мен компания қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттады.

# ӘСКЕРИ БӨЛІМ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Сенаттың Халықаралық қатынастар, қауіпсіздік және қорғаныс комитетінің төрағасы Асқар Шәкіров бастаған бір топ сенатор Ұлттық ұланның елордадағы №5573 әскери бөліміне бардық. Халық қалаулыларын Ұлттық ұлан бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары, полковник Қайрат Үмбетов пен әскери бөлім басшылығы қарсы алды.

Жауынгерлердің қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен жедел көмекке дайын тұруы – ең басты шарттың бірі. Ол үшін әскери күштерге тиімді тактикалық тәсілдерді түсіндіріп, қарым-қабілетін шыңдау керек. Осы бағыттағы жұмыстар жүргізілетін қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі жауынгерлік қызметке дайындық және спорт алаңдары мен демалыс, тамақтану орындарын араладық.

Бүгінгі әлем ақпараттық соғыстың дәуірі болса да, әскери техникаға иелік ету үлкен сенімділік берері сөзсіз. Сондықтан геосаяси ахуал күрделі кезеңде біздің жанжақты дайын болуымыз міндетті. Осыған қатысты әскери бөлімнің материалдық және арнайы әскери техникалары көрсетілді.

Әр әскери сарбаздың сенімді серігі ретінде қызмет атқаратын арнайы дайындықтан өткен иттер ерекше бағаға ие. Кинология – әскери қызметтің ажырамас маңызды бөлігі. Өйткені осы саланың қызметкерлері өздерін физикалық тұрғыдан шыңдалумен шектелмейді, сонымен қатар, жанында ертіп жүретін иттің дайындығына да толықтай жауапкершілікті өз мойнына алады. Әскери бөлімнің қызметімен танысу барысында осы қызметтік иттерді қолдану тәртібімен таныстық. Көз алдымызда жасырылған «жарылғышты», тығылған «наркотикті», қашқан «қылмыскерді» санаулы секундта дәл анықтап, ұстаған төртаяқты «із кесушілер» кәсібилігі тамсандырды.

Одан бөлек, әскерилердің тамақтану мәзірінің ұйымдастырылуы, спорт кешені мен атыс тирі, киім нысанының, арнайы жабдықтың, қаруjарақтың және арнайы құралдардың үлгілері көрсетіліп, Ұлттық ұланның орталық мұражайы, кітапхана жұмысымен де таныстық. Әскерилер көтерген мәселелерді комитет төрағасы Асқар Шәкіров сенаторлар сала мәселелерін талқылау кезінде басты назарда ұстайтынын жеткізді.

Ел тұтастығы мен қоғам тұрақтылығының негізі темірдей тәртіпке келіп тірелері анық. Еліміздің бейбіт, бейқам өмір сүруінде біздің әскери күштеріміз маңызды рөлге ие. Жас сарбаз – еліміздің сенімді қорғаны. Ал олардың өз қабілетін үнемі шыңдап, білімін жетілдіріп, үздіксіз дамуы үшін лайықты жағдай жасалуы шарт.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде, төтенше жағдайлардың салдарын жоюда және әртүрлі қауіпті деструктивті ағымдарға қарсы күрес барысында Ұлттық ұлан әскерлеріне жүктелетін жауапкершілік жүгі зор.

**Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,**
**Сенат депутаты**

# ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЙҒАНША ЫМЫРАСЫЗ КҮРЕСЕМІЗ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшылық құрамымен бейнебайланыс арқылы кеңес өткізіп, жаңадан тағайындалған төраға Асхат Жұмағалиды таныстырды. Президент агенттіктің бұрынғы төрағасы Олжас Бектеновке атқарған жұмысы үшін ризашылығын білдіріп, оның жаңа қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы агенттіктің жаңа басшылығы мен жеке құрамына алдағы кезеңге арналған бірқатар міндет жүктеді. Президенттің айтуынша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген іс-шараларды толық жүзеге асыру керек. Жоғары лауазымды шенеуніктер арасындағы, әсіресе, халқымыздың әл-ауқатына тікелей әсер ететін салалардағы жемқорлықты анықтау және оның жолын кесу жөніндегі қатаң тәсілді жалғастырған жөн. Президент жемқорлыққа итермелейтін жүйелі себептер мен жағдайларды жою маңызды екеніне назар аударды. Оның айтуынша, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізу керек.

Мемлекет басшысының айтуынша, тергеу жұмыстарының нәтижесінде агенттік құны 108 миллиард теңге көлеміндегі шығынды қайтара алды. Бұл – оң нәтиже. Бірақ, сонымен қатар, бұл өткен кезеңдерде жемқорлық қаншалықты белең алғанын көрсетеді.

«Жемқорлықтың барлық түрімен ымырасыз күрес – мемлекетіміздің одан әрі дамуының басымдығы. Парақорлық, тамыр-таныстық, қоңырау шалу арқылы мәселе шешу және тағы басқа келеңсіздіктер жылдар бойы азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне селкеу түсіргенін білесіздер. Осы орайда халықтың әділдікке деген үміті азая бастады. Сондықтан менің сайлау алдында берген уәделерімнің бірі жемқорлықты түбірімен жойғанша ымырасыз күрес жүргізу болды. Бұл істе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі шешуші рөл атқарады. 2019 жылы маусымда құрылған сәттен бері аталған орган көптеген жұмыс атқарды. Оны мойындау керек. Жемқорлыққа қарсы күрес шараларының жүйесі белсенді дами бастады. Атап айтқанда, жаңа құқықтық институттар, өзіне бағыныпты қызметкерлердің жемқорлық қылмысы үшін саяси және мемлекеттік тұлғалардың қызметтен кетуі, адалдыққа тексеріс, нормативтік-құқықтық актілерге жемқорлыққа қарсы жүргізілетін сараптама және тағы да басқа бастамалар осы санатқа кіреді. Олардың алғашқы нәтижелерін көріп отырмыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

# ҰЙЫМНЫҢ ЖОСПАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетовті қабылдады.



Мемлекет басшысына Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы хатшылығының қызметі жөнінде мәлімет берілді. Кездесуде ҰҚШҰ жұмысының негізгі бағыттары бойынша бірқатар мәселе, сондай-ақ ұйымның осы жылғы жоспары талқыланды.

# ҚАЗАҚСТАНДА СЕПАРАТИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Петропавл қаласындағы бірқатар азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетін мәлімдемелері қоғам арасында резонанс туғызып, бүкіл халықтың мазасын алуда. Бұл оқиға еліміздегі құқықтық сана және қоғамдық процестер саласындағы фундаментальды проблемалардың бар екенін көрсетеді.

Азаматтар өзінің іс-қадамы үшін нақты заң алдында қатаң жауап беретінін сезініп, түсінуі тиіс! Құқықтық мемлекет дегеніміз – заң және тәртіп! Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес, іс-әрекеттері мемлекеттің территориялық тұтастығын бұзуға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға жария түрде шақыру әрекеттеріне ауыр жаза қарастырылған.

Бұл оқиға еліміздің ақпараттық-қоғамдық саласында да терең проблемалардың бар екенін көрсетті. Азаматтардың мемлекеттік өзін-өзі сезіну мәселесімен ешбір мемлекеттік орган жүйелі айналысып отырған жоқ, мемлекеттік және шекаралық аймақтардағы ақпараттық қауіпсіздік проблемасы ушығып тұр.

Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдеріне әлеумет, экономика, саясат саласында өздерін көрсетуге, бейбіт, лайықты өмір сүруге барлық жағдай жасалған. Сондықтан Қазақстанның әрбір азаматы мемлекеттің бірлігі мен еліміздің территориялық тұтастығы үшін аянбай еңбек етіп, күресуі керек. Бұл – барлығымыздың перзенттік парызымыз. Қазақстанда сепаратизмге жол жоқ! Бұл – еліміздің барша азаматтарының талап-тілегі.

**Ерлан САИРОВ,**
**Мәжіліс депутаты**

# ЖЕҢІС КҮНІНЕ ЖӘРДЕМАҚЫ АЛАДЫ



Елорданың Қоғамдық кеңесі отырысында тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау, 2023-2025 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспарын бекіту және Жеңіс күніне орай соғыс ардагерлеріне әлеуметтік көмек көрсетудің жайы талқыланды.

– Жеңіс күнінде ардагерлерге қосымша көмек беру жоспарланды. Яғни 12 ардагерге 67 АЕК (231150 теңге) көлемінде жәрдемақы беріледі. Қосымша әлеуметтік көмектің жоспарланған көлемі – 800000 теңге. Төлемнің жалпы сомасы 1031150 теңгені құрайды, – деді Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб.

Сондай-ақ, Жеңіс күніне арналған ереже аясында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне 11 АЕК (37950 теңге) көлемінде төленеді, жоспарланған қосымша әлеуметтік көмек 30000 теңгені құрайды. Жоспарланған төлемнің жалпы сомасы – 67950 теңге. Баяндамашы атап өткендей, Астанада Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан жауынгердің бір жесірі тұрады.

– Бұл жоба мақұлданса, әлеуметтік көмек көрсетуге жергілікті бюджеттен 9630000 теңге бөлу қажет. 2022 жылы 18 Ұлы Отан соғысының ардагеріне жалпы сомасы 14,4 миллион теңгеге қосымша әлеуметтік көмек көрсетілді, – деп атады басқарма басшысы.

Екінші мәселе – «Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» мәслихаттың 2021 жылғы 24 қарашадағы №104/15-VII шешімінің жобасына атын өзгертуге байланысты өзгерістер енгізу туралы болды. Яғни Нұр-Сұлтаннан Астанаға.

– Тұрғын үй иелеріне тұрғын үй көмегі коммуналдық қызметтерді төлеу (лимит шегінде) отбасының айлық жиынтық табысының 5 пайызынан асатын жағдайда тағайындалады. Ағымдағы жылдың басынан бері 412 аз қамтылған отбасы 6,3 миллион теңгеге қамтылды. 2022 жылы 531 аз қамтылған отбасы қолдаумен қамтылып, төлем сомасы 18,9 миллион теңгені құрады, – деді спикер.

Жобалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді және құқықтық актілерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді, сондықтан оларды Қоғамдық кеңес мүшелері бірауыздан қолдады.

**Нәйла ӘБДУХАЛЫҚОВА**

# ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында «Қосымша білім беру саласындағы жаңа жобалар» тақырыбында Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржан ҚАЙЫРБАЕВА брифинг өткізді.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**



5 күндік оқуға көшу балалардың бос уақытын қосымша үйірмелермен қамтылуына үлкен мүмкіндік береді. Осы мақсатта әкімдік тұрақты негізде балаларға арналған үйымдар ашу бойынша жұмыс жүргізуде.

Қазіргі уақытта Астанада 11 мемлекеттік қосымша білім беру ұйымы, 158 филиал, 10 community-орталық (2 оқушылар сарайы, 3 балалар музыка мектебі, 2 өнер мектебі, 1 балалар көркемсурет мектебі, 1 техникалық шығармашылық орталығы, «Өркен» балалар-жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы) жұмыс істейді. Халықтың әлеуметтік осал топтарынан 24 мыңнан астам бала үйірмелер мен секцияларға жеңілдікпен және тегін негізде барады. Мектептен тыс ұйымдарда және жалпы білім беретін мектептерде спорт секцияларымен қамтылған білім алушылардың үлесі 44,5 пайызды (88555 бала) құрайды. Осы мақсатта білім беру ұйымдарында 910 спорт секциясы жұмыс істейді. 92 мектепте ашық ауада көпфункционалды спорт алаңдары (жүгіру жолдары, футбол, баскетбол және волейбол алаңдары) бар. 88 мектеп футбол алаңы, 71 мектеп баскетбол алаңы, 67 мектеп волейбол алаңымен жабдықталған, сондай-ақ 8 стационарлық хоккей корты, 10 теннис корты бар.

### ТЕАТРҒА ТЕГІН БАРАДЫ

Қалалық Білім басқармасы бүгінгі таңда Мәдениет басқармасымен бірлесіп, «Балалар және театр» жобасын іске асыруда. Балалар театрға тегін барады. Жыл соңына дейін 50 мыңнан астам бала қамтылады. Жалпы білім беретін мектептерде ұлттық спорт түрлері (тоғызқұмалақ, қазақ күресі, асық ату), ұлттық өнер (домбыра және дәстүрлі ән айту, қазақ биі, қазақ әні) бойынша «Altyn urpaq» жобасы іске асырылуда. Бұл жоба аясында елорданың 40 мектебінде 10 мыңнан астам баланы қамтуды (оның ішінде ұлттық спортпен 3872 бала, ұлттық өнермен 5378 бала) 170 педагог жүзеге асырып отыр. Жалпы білім беретін мектептерде «Оқушының мәдени нормативі» жобасы, «Ұлағатты ұрпақ» мәдени-білім беру платформасы жұмыс істейді. Бұл жоба 86500-ден астам баланы қамтыған 42 мектепте жүзеге асырылды.

Мектептерде «Алтын домбыра» жобасы бойынша 64 домбыра үйірмесі жұмыс істейді, 44 үйірмеде 1656 баланы қамтыса, ақылы негізде 702 оқушыны қамтиды. Мектептерде 1452 оқушыны қамтыған 53 шахмат үйірмесі бар. Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарында 38269 білім алушыны қамтыған 92 пікірталас клубы құрылды, 557 мектеп турнирі өткізілді. 2022-2023 оқу жылынан бастап Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында мектеп және студенттер парламентінің жеделі штабы құрамында 69634 адам бар. Оған 127 ұйым – 94 мектеп және 33 колледж кіреді. «Жасыл мектеп» жобасы аясында демеушілік көмекпен 18 мектепте және колледжде 19 жылыжай ашу жоспарланды.

### IT САЛАСЫН МЕҢГЕРЕДІ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында балаларды IT саласына қызықтыру мақсатында 100 орындық Sana креативті білім беру орталығының жұмысы іске асырылды және осы жобадағы балаларды қамтуда ол 3 алаңнан: робототехника кабинеті, «Makerspace» STEM кабинеті және «IT Lab» бағдарламалау алаңынан тұрады. Қазір Sana орталығында 2450 бала оқиды. Қалада Оқушылар сарайының филиалдарын ашу жұмысы оң нәтиже беріп келеді. «Bilim park» қосымша білім беру орталығы жобасының сол жағалаудағы Оқушылар сарайындағы филиалы (робототехника, кеме, авиа, зымыран модельдеу және бейнеграфия) оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруге үйретеді.

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ

Жаңа Әлеуметтік кодекстің жобасы Мемлекет басшысының қарауына ұсынылып, 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, қазіргі жүйе зейнеткерлердің үш ұрпағын қамтитын болады. Құжатта базалық зейнетақының мөлшерін арттыру қарастырылған. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап болашақ зейнеткерлер үшін жұмыс берушілерден қосымша зейнетақы жарналары енгізіледі.

Өзгерістерде 1998 жылға дейін және 1998 жылдан кейін зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлер зейнетақы төлемдерінің негізгі бөлігін мемлекеттен, ал болашақ зейнеткерлер жинақтаушы зейнетақы жүйесінен алатын болады. Сонымен қатар, кодекс нормалары инвесторларға өз активтерін басқаруға мүмкіндік береді.

Азаматтар белгіленген жеткіліктілік шегін емдеуге және тұрғын үй сатып алуға жұмсай алады. Салымшылар алынғаннан кейін қалған зейнетақы жинақтарының немесе барлық жинақталған соманың 50 пайыздан аспайтын бөлігін жеке басқаруға бере алады.

Астана әкімдігінің Біріккен мұражайлар дирекциясы директорының орынбасары Самат Тергембаев қалалық коммуникациялар қызметі алаңында елорда музейлерінің қызметімен таныстырды.

# МУЗЕЙЛЕРГЕ ҚАНША АДАМ КЕЛЕДІ?



**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Екі жыл бұрын «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешені, Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешені, Сәкен Сейфуллин мұражайы, Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету дирекциясы біріктіріліп, Астана қаласы әкімдігінің Біріккен мұражайлар дирекциясына қарайтын болды.

4,371 гектарды алып жатқан «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешені макеттер арқылы еліміздің табиғаты мен өңірлерін таныстырады. Мұнда макеттердің жалпы саны – 497. Этно-мемориалды кешен әр жылдың мамыр және қазан айы аралығында жұмыс істейді. 2022 жылы 4980 экскурсия, 1 көрме, 51 іс-шара, 25 дәріс оқылды. 2023 жылдың қаңтар-ақпан айында 6 іс-шара, 10 дәріс өткізілді.

Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені – бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы XX ғасырдың 30-50-жылдарындағы жаппай террор құрбандарына арналған ескерткіш. 2007 жылдың 31 мамырында ашылды. «АЛЖИР» мұражайының қорында 19203 жәдігер бар. Мұражай ұзындығы 12 метр, ені 2,5 метр болатын тоннельден басталады. Тоннель идеясының авторы – сәулетші Сембіғали Смағұлов. «Алаш» бағының ауданы – 1,5 гектар. Бұл жерде кезінде «АЛЖИР» тұтқындары еккен алма бағы болған. 2022 жылы мұражай-мемориалдық кешенін 52470 адам тамашалады, ал онлайн 1484 кісі көрді.

Сәкен Сейфуллин мұражайы 1988 жылы 21 қаңтарда ашылды. Биыл мәдени ошаққа 35 жыл толды. Ғимаратта 1920-1930 жылдары мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, драматург, халық композиторы Сәкен Сейфуллин жұмыс істеген. 2022 жылы С.Сейфуллин мұражайына офлайн 11651 адам келіп, онлайн 23725 адам тамашалаған. 2023 жылы қаңтар-ақпандағы офлайн жүйесі бойынша келушілер саны – 1208, онлайн жүйеде – 3753.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы қаулысына сәйкес құрылды. Астана қаласының тарихи-мәдени мұрасын сақтау, реставрациялау және насихаттау бойынша жұмысты жүзеге асырады. Ескерткіштермен және мәдени маңызы бар нысандармен жұмыс, олардың сақталуын бақылау, тарих және мәдениет ескерткіштерінің техникалық жағдайын зерделеу, күтіп ұстау және қалпына келтіру жұмысын жүргізуді қамтиды.

Қарамағындағы 46 тарихи-мәдени мұра ескерткіші – мемлекет қорғауында. Соның ішінде 3-еуі – республикалық, 43-і жергілікті маңызы бар. Астана қаласындағы ескерткіштердің жалпы саны – 111 (ескерткіштер: тарих және сәулет – 46, монументалды өнер – 57, археология – 8).

# АУДАНДЫ ВЕЛОСИПЕДПЕН АРАЛАДЫ

Астана қаласы Алматы ауданының әкімі Мақсат Саматұлы әріптестерімен бірге ауданды велосипедпен аралады.



Жұмыс аптасының бірінші күні А.Байтұрсынов, Ж.Нәжімеденов көшелері бойын аралады. Велосапарға Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық, Жол және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармалары мен экологиялық полиция өкілдері қатысты.

Келесі күні Ақбұлақ және Есіл өзендерінің бойында, Триатлон және Президент саябақтарында өткен велосапарда Астана қаласы әкімдігі Урбанистика орталығының және мердігерлік ұйым мамандары да болды.

Жұмыс сапары барысында қарастырылған ең басты мәселелер – сапасыз абаттандыру, ашық құдықтар және жалпы санитарлық жағдай. Барлық кемшілік пен ескерту бақылауға алынып, мамандарға тиісті тапсырмалар берілді.

**Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ**

# ӘР БАЛА МЕКТЕПКЕ БАРУҒА ЛАЙЫҚТЫ

Дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы ақпаратты тарату күніне орайластырып елорда әкімі Жеңіс Қасымбек Астана қаласының №89 «Қыз Жібек» бөбекжай-бақшасындағы инклюзияны қолдау кабинетінің жұмысымен танысқан еді.



Бұл – «Әр бала мектепке баруға лайықты» жобасы аясында 2020 жылдың күзінде Астана балабақшаларында ашылған екі қанатқақты кабинеттің бірі. Оны «Болашақ» корпоративтік қоры қала әкімдігінің Білім басқармасымен бірлесіп жүзеге асырды. Дәл осындай екінші кабинет Астанадағы №34 «Ақ бидай» бөбекжай-бақшасында ашылды.

Жалпы, 12 жыл ішінде «Болашақ» қоры бүкіл Қазақстан бойынша 70 мамандандырылған оңалту мекемесі мен кабинетін ашты және жабдықтады. Соның ішінде еліміздің 22 қаласында 46 инклюзияны қолдау кабинеті, оның 2-еуі елорданың №34 және №89 балабақшаларында қанатқақты режимде іске қосылды. Жоба ерекше білім беруді қажет ететін 2000-нан астам баланы қамтыды. Нәтижесінде үйде дәріс алып жүрген 700-ден астам баланың балабақшаға және мектепке баруына мүмкіндік туды.

«Қыз Жібек» балабақшасының инклюзияны қолдау кабинетінде 4 пен 6 жас аралығындағы аутизм және басқа да менталдық бұзушылықтары бар 5 балаға қолдау көрсетіледі екен. Кабинетте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру, сөйлеу, коммуникативтік және тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру жүзеге асырылады. Негізгі уақытты балалар өз құрдастарымен бірге қарапайым топта өткізеді және күніне бірнеше сағат ассистент-педагогтармен бірге инклюзияны қолдау кабинетінде дәріс алады. Мұндағы 8 мұғалім, 5 тәрбиеші, дефектолог және логопед балалардың жеке даму бағдарламаларын игеруге, басқа балалармен өзара қарым-қатынас орнатып, араласуына көмектеседі.

> Ресми деректерге сәйкес, елімізде аутизм диагнозы қойылған 9 мыңға жуық бала тұрады, оның ішінде 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елордада 2256 бала бар. Бейресми деректерге сәйкес (ДДҰ дерегі), әлемдегі әрбір 54-балада аутистикалық спектрдің бұзылуы бар. Өкінішке қарай, жыл сайын бұл сан өсіп келеді. 2015 жылдан бері «Әр бала мектепке баруға лайықты» жобасы аясында Астанада №8, 11, 37, 71, 85, 88, 89, 91, 92 мектептерде, сондай-ақ №34 және №89 балабақшаларда инклюзияны қолдау кабинеті ашылып, онда 130-дан астам бала білім алды



Ресми деректерге сәйкес, елімізде аутизм диагнозы қойылған 9 мыңға жуық бала тұрады, оның ішінде 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елордада 2256 бала бар. Бейресми деректерге сәйкес (ДДҰ дерегі), әлемдегі әрбір 54-балада аутистикалық спектрдің бұзылуы бар. Өкінішке қарай, жыл сайын бұл сан өсіп келеді. 2015 жылдан бері «Әр бала мектепке баруға лайықты» жобасы аясында Астанада №8, 11, 37, 71, 85, 88, 89, 91, 92 мектептерде, сондай-ақ №34 және №89 балабақшаларда инклюзияны қолдау кабинеті ашылып, онда 130-дан астам бала білім алды.

Тәрбиеші-педагогтар мен ата-аналардың айтуынша, балабақшадағы инклюзияны қолдау кабинетіне келіп жүрген балалардың әлеуметік және білім алу дағдылары айтарлықтай жақсарған. Мәселен, бес жасар Самира бұған дейін тәрбиешілермен де, балалармен де тіл табыса алмай, үнемі жылап отыратын. Қазір ол тәрбиешіні тыңдау керегін, балалармен тіл табысып ойнауға болатынын жақсы түсінеді, өз ойын жеткізуді үйренді. Аспергер синдромымен ауыратын алты жасар Нұрсұлтан бұрын тәрбиешілердің сұрағына жауап бермейтін, балалармен ойнамайтын. Қазір ол үлкендерді де, құрдастарын да жатырқамайды, барлық іс-шараға белсенді қатысады.

Балабақшадағы инклюзияны қолдау кабинетінің жұмысымен танысқан қонақтар Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың проблемалық мәселелерін талқылады. «Болашақ» қоры қамқоршылық кеңесінің төрайымы Динара Гаплан бұл мәселелерді шешу үшін мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың белсенді ынтымақтастығы қажет екенін атап өтті.

– Қазір ресми инклюзивті білім беруден бас тартуды қамтамасыз ету және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ инклюзивті білім берудің сапалы жүйесін дамыту үшін, оның ішінде аутизмі және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балалар, шынымен, тиімді және сапалы білім ала алатын инклюзияны қолдау кабинеттерін ашу арқылы оларға жағдай жасау ерекше өзекті болып отыр. Сондай-ақ, инклюзияны қолдау кабинеттерін әдістемелік оқу құралдарымен жабдықтау керек. Қордың зерттеуіне сәйкес, мұнда жұмыс істеп жүрген мамандардың 60 пайызының ерекше балалармен жұмыс істеуге қажетті білімі мен тәжірибесі жоқ. Арнайы және жалпы білім беру ұйымдарында, сондай-ақ денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарында жұмыс істейтін психологтарды, логопедтерді, дефектологтарды, ассистент-педагогтарды, әдіскерлерді АВА-терапиясына оқыту аса маңызды. Біз инклюзивті білім беруді дамытудағы 8 жылдық жүйелік тәжірибемізге сүйене отырып, жобамыздың үлгісінде осы міндеттерді шешу жолдарын ұсынуға дайынбыз. Қазіргі уақытта қор мамандарды АВА-терапиясының негіздеріне оқытуда, Қазақстаннан және Орталық Азия елдерінен 3000-нан астам маман білім алды. Сондай-ақ, біз инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуға сарапшылық қолдау көрсетуге дайынбыз. Қор қаражатына оқып, білімін жетілдірген білікті мамандар бүгінде бүкіл ел бойынша осындай кабинеттерді әдістемелік сүйемелдеуге әзір, – деді Динара Гаплан.

«Әр бала мектепке баруға лайықты» жобасы аясында инклюзивті білім беру саласында 500 жаңа мамандандырылған жұмыс орны ашылды. 3000 маман мен ата-ана инклюзивті білім беру және мінез-құлықты қолданбалы талдау бойынша оқудан өтті.

Жобаның арқасында өз ойын ауызша еркін жеткізе алмайтын балалардың 90 пайызы сөйлеуді үйренді, 33 ерекше бала өз бетінше оқуды меңгере бастады, дамуында ерекшеліктері бар 150 бала мектепішілік, қалалық, облыстық жарыстар мен олимпиадалардың жүлдегері атанды.

Балалар үйлерінің 2,5 мыңнан астам тәрбиеленушісі қордың шығармашылық бағдарламаларына қатысты.

Заңнамалық актілерге инклюзивті білім беруді дамытуға қатысты 80-нен астам сапалы ұсыным мен түзетулер енгізілді. Қор – ҚР Үкіметінің, ҚР Парламенті Сенатының және ҚР Оқу-ағарту министрлігі жанындағы қайырымдылықты дамыту және инклюзия жөніндегі жұмыс топтарының белсенді қатысушысы.

«Болашақ» корпоративтік қоры ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу және олармен жұмыс істеу бойынша ассистент-педагогтарға арналған «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды мінез-құлықты қолданбалы талдау әдістерін (АВА-терапия) қолдана отырып, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» оқу курсын әзірлеп, іске қосты. Бүгінгі таңда Қазақстанның 17 өңірінен және Орталық Азия елдерінен 3000-нан астам маман оқытылды.

Балалар үшін жобаға қатысу тегін. Жоба Amanat партиясының қолдауымен «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында жүзеге асырылуда. Осыған орай, Дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы ақпаратты тарату күнінде «Болашақ» корпоративтік қоры Астана қаласында «Autism Talks: ерекше балалы ата-аналарды шабыттандырар әңгімелер» атты дәстүрлі мотивациялық кездесу өткізді.

Кездесуде аутизмі бар балалардың ата-анасы өз тәжірибелері туралы әңгімелеп, аутизм және дамуында басқа да ерекшеліктері бар балаларды тәрбиелеудегі кеңесімен, ұсынысымен бөлісті. Сондай-ақ, балаларының оларды қандай табыстар мен жетістіктерге жетуге шабыт сыйлағанын айтып берді. Психотерапевтер, психиатрлар, мінез-құлық талдаушылары және басқа да мамандық иелері қатысқан іс-шара ерекше балаларды тәрбиелеп отырған отбасы мүшелеріне де, ерекше балалармен жұмыс істейтін мамандар үшін де ерекше әсерлі өтті.

# БЕНЗИН НЕГЕ ҚЫМБАТТАЙДЫ?

2023 жылдың 12 сәуірінен бастап Қазақстан Республикасы аумағында бензин мен дизель отынының бағасы қымбаттайды.

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Осыдан тура жиырма күн бұрын, дәлірек айтқанда, 14 наурыз күні Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Болат Ақшолақов Үкімет отырысынан кейінгі журналистердің «Бензин бағасы қымбаттай ма?» деген сауалына: «Қазақстанда бензин мен дизель отынының мол қоры жасалды. Сондықтан бензин бағасы өспейді» деп жауап берген еді. Осы екі аралықта жағдай күрт өзгеріп кетті. Атап айтқанда, 2023 жылдың 3 сәуірі күні ҚР Энергетика министрінің міндетін атқарушы сол Болат Ақшолақов АИ-92 және АИ-93 маркалы бензин бағасы литріне 182-187 теңгеден 205 теңгеге дейін – 11 пайызға, дизель отыны литріне 230-260 теңгеден 295 теңгеге дейін – 20 пайызға өсетінін мәлімдеді. Бұған қоса, елдің бас энергетигі «Бұл – амалсыздан алынып отырған шара. Бұлай істемеске амал болмай тұр. Дүние жүзіндегі бағасы ең арзан бензин бізде екен. Егер көршілерімізбен арадағы баға айырмашылығы мәселесін тап қазір қолға алмасақ, алдағы уақытта біз үлкен тапшылық пен зәрулікке ұшырауымыз әбден мүмкін. Бұған қоса, біз экономикалық маңызды саланы дамыту мүмкіндігінен айырыламыз, ол еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне де кері әсер етеді» деді.

Біз Құдайдың берген қара алтынына бай елміз. Шымкентте, Атырау мен Павлодарда үш мұнай өңдеу зауытымыз бар. Соңғы бес жылда осы аталған өндіріс орындары бензин өндірісін 70 пайызға, ал дизель отынын 30 пайызға арттырыпты. Сөйте тұра жағдайымыз жақсармай келеді. Тапшылықтан көз ашпай отырмыз. Кейбір статистика деректері өткен жылы дизель отынын өндіруде рекордтық көрсеткіштерге қол жеткенін мәлімдегенмен, республиканың көптеген аймағында бұл өнімнің тапшылығы тайға таңба басқандай айқын көрініп тұрды. Ал биылғы сәуір айында елімізде жанар-жағармай көлемі бұрын-соңды болмаған дәрежеде пайдаланылған. Бұл не деген сөз? Бұл – қолымыздағы бар өнім сыртқа кетіп жатыр деген сөз. Өйткені статистика бойынша жақын мемлекеттер 140-150 литрден артық ЖЖМ жұмсамаса, Қазақстан әр жан басына шаққанда жылына 300 литр ғана сұйық отын пайдаланады. Тек сәуір айының өзінде ғана 510-550 мың тонна жанар-жағармайға сұраныс болып отыр.

Болат Оралұлының айтуынша, бұл жерде бағаны көтеруден басқа жол жоқ екен.

«Егер біз осындай қадамға барып, өз өнімімізге деген басқалардың экономикалық қызығушылығын төмендететін болсақ, көп кешікпей тапшылық пен зәруліктен құтыламыз. Өйткені біздің жанар-жағармайымыздың ауқымды бөлігін көршілер тасып кетіп жатыр.

**АИ-92 және АИ-93 маркалы бензин бағасы литріне 182-187 теңгеден 205 теңгеге дейін – 11 пайызға, дизель отыны литріне 230-260 теңгеден 295 теңгеге дейін – 20 пайызға өседі**

Салыстырсақ, Ресей Федерациясында дизель отынының әр литрі орта есеппен – 345 теңге. Бізден 45 пайызға қымбат. Ал Қырғызстанда 64 пайыз жоғары болса, Өзбекстанда екі есе қымбат» деді.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Әлихан Смайылов та бұқаралық ақпарат құралдарына мәлімдеме жасап, жанар-жағармай материалдары бағасының көтерілу себебін түсіндірді.

«Бұл оңай шешім емес, бірақ оны қабылдауға мәжбүрміз. Егер қазір мұндай шешімді қабылдамасақ, онда жақын арада жанармай тапшылығына тап боламыз. Наурыз айының өзінде жанар-жағармай материалын тұтыну көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15 пайызға өсті. Егер республика баға айырмашылығын қысқартпаса, онда биыл 850 мың тоннаға дейінгі көлемде жанармай тапшылығына ұрынады.

Біздің арзан отын өзіміздің ұлттық мүддемізге емес, көрші елдердің экономикасына жұмыс істеп отыр. Сондықтан жанар-жағармай нарығындағы жағдайды тұрақтандыру үшін баға айырмашылығын төмендету керек. Бұл елімізден мұнай өнімдерінің жаппай шығарылуын азайтуға және ішкі нарықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бізде бұдан басқа жол жоқ» деді Премьер-министр.

Оған қоса, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған дизель толығымен бөлінді. Оларға баға 204 теңге болып қала бермек.

«Үкімет отынның ішкі нарығын қолдау және заңсыз әкетудің жолын кесу үшін басқа да тиісті шараларды қабылдайтын болады» деп түйіндеді Әлихан Смайылов.




Расында да, Үкімет бұған дейін жанар-жағармайдың көрші елдерге тасымалын тоқтату үшін қолдан келетін барлық шараны қолданып бағыпты. Теміржол мен автокөлік тасымалына тыйым салынған. Ресурстар қоры сақталатын кәсіпорындарға жанар-жағармайды тікелей автомобиль май құю стансаларына сату міндеттеліп, ортадағы делдалдар жойылған. Шетелдіктер үшін литріне 450 теңгеден 300 литрден артық бермеуге шекті баға тетігі белгіленген. Алайда көлеңкелі экспорт осы аталған шектеулердің барлығын айналып өтіп отыр. Міне, осының салдары елде бензин бағасының қымбаттауына алып келді.

– Енді бұл жағдай дүкендердегі тауар бағасының көтерілуіне қалай әсер етеді? – деген сұраққа Болат Ақшолақов: «Жанар-жағармайға баға 2021 жылдың күзінен бері өзгерген жоқ. Ал азық-түлік бағасы одан бері қаншама рет құбылды. Меніңше, оның басқа тауарларға әсері болмауы керек» деп екіұшты жауап берді. Сөйтіп, алдағы аптадан бастап елімізде жанар-жағармай бағасы көтерілетін болды. Енді көптің көкейінде осы бағаны Үкімет ұзақ ұстап тұрса деген тілек бар.



# МЕМЛЕКЕТ КҮШІ – ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫНДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында елімізде адам капиталы сапасын барынша арттыру керегін атап өтті. «Бұл мәселе менің айрықша назарымда екенін білесіздер. Себебі Қазақстанның басты байлығы – адам. Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Адам капиталын дамытуға қатысты тағы бір мәселе – денсаулық сақтау жүйесінің тиімді болуы. Еліміздегі медицина инфрақұрылымын жақсарту қажет. Оның жай-күйіне қатысты түйткіл аз емес. Мемлекет соның бәрін біртіндеп шешіп жатыр» деді Президент.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Медицина қызметкерлерінің саламатты ұлт, сапалы адами капитал қалыптастырудағы рөлі зор. Бұл ретте бүгінгі таңда отандық медицинаны сапалы, ашық және қолжетімді ету мәселесі өзекті болып отыр. Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде қазақстандық медицина халықтың қажеттіліктері мен сұраныстары ескерілмей реформаланды. Коронавирус пандемиясы отандық денсаулық сақтау жүйесінің тиімсіздігін айқын көрсетті. Кейбір сарапшылардың пікірінше, денсаулық сақтау жүйесінің қиын жағдайға душар болуының негізгі факторының бірі – бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану. Сондықтан олар денсаулық сақтау бюджеті ашық болуы тиіс деп санайды.

Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Мемлекет басшысы айтқан мәселеге тоқталды. Ол медициналық инфрақұрылымды жақсарту қажеттілігі туралы тапсырманы іске асыру барысы туралы баяндады.

– Бүгінгі таңда республикада 6000-нан астам мемлекеттік денсаулық сақтау объектісі, оның ішінде 492 аурухана және 5695 медициналық-санитарлық алғашқы көмек объектісі халыққа медициналық көмек көрсетеді. Медициналық ұйымдар ғимараттарының тозу деңгейі 44,7 пайызды, оның ішінде стационарлар 43,5 пайызды, МСАК ұйымдары 41,9 пайызды құрайды. Бұл ретте жұмыс істеп тұрған стационарлардың көпшілігі халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келмейді, – деді А.Ғиният.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауылдың денсаулық сақтау саласын жаңғырту жұмысы жүргізілуде. Осылайша, қабылданып жатқан шаралар денсаулық сақтау саласы инфрақұрылымын одан әрі дамытуға ықпал етеді. Одан бөлек, медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі заң жобасы жасалуда. Президенттің тапсырмасына сәйкес, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірледі. Министрлік заң жобасы шеңберінде медицина немесе фармацевтика қызметкерінің кәсіби міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін қылмыстық құқық бұзушылықтарды ізгілендіру және ҚР Қылмыстық кодексінің 317-бабының санкциялық шараларын төмендету жөніндегі нормаларды ұсынды.

Елімізде салауатты өмір салты насихатын күшейту, денсаулық мәселелері бойынша халық сауатын арттыру жөнінде 2023-2025 жылдарға арналған ведомствоаралық жол картасы әзірленді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2025 жылға қарай саламатты өмір салтын ұстанатын азаматтардың үлесі 30 пайызға дейін артады деп күтілуде.

Қазіргі таңда Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің алдына халықтың қажеттіліктеріне сәйкес келетін денсаулық сақтаудың бәсекеге қабілетті, пациентке бағдарланған моделін қалыптастыруға бағытталған нақты ауқымды міндеттер қойылып отыр. Бұл модель негізгі бағыттары ДДҰ стратегиялық құжаттарының басымдықтарына сәйкес келетін «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылуда.

Президент сондай-ақ өз сөзінде медицина қызметкерлерінің құқығын қорғау туралы да айтқан болатын. Оның тапсырмасымен еліміздегі медицина қызметкерлерінің жалақысы тұрақты түрде өсіп отыр. Биылдан бастап дәрігерлердің еңбекақысы 30 пайызға ұлғайды. Алдағы уақытта да медицина саласына бөлінетін қаржының көлемі артады. Дәрігерлердің мәртебесі заң жүзінде айқындалады. Аурудың алдын алуға бағытталған маңызды жобалар қолға алынады. Сенат өз тарапынан осы және өзге де бастамалардың іске асырылуына белсенді түрде қатысады.

Елордада 12 мыңға жуық медицина қызметкері бар, оның ішінде 3 мыңнан астам дәрігер, 6 мыңға жуық орта медицина қызметкері және 2 мыңнан астам кіші медицина қызметкері жұмыс істейді. Кадрларды сақтап қалу үшін бірқатар шара тұрақты түрде жүргізіледі. Мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі – азаматтарымыздың денсаулығын сақтау. Бұл туралы Мемлекет басшысы әр Жолдауында айтып, нақты тапсырмалар береді. Әкімдік тарапынан сапалы және қолжетімді медицинамен қамту үшін барлық жағдай жасалуда. Елорданың денсаулық сақтау саласына қазір үлкен жүк түсіп тұр. Себебі қала халқы жыл сайын орташа есеппен 40-50 мың адамға көбеюде.

– Тұрғын үй көбейіп, жаңа аудан саны артуда. Мұның бәрі жылына сол жаңа аудандарда емханалар салу қажеттілігін туындатты. Әзірге қолданыстағы емханалардың екі есе жүктемемен жұмыс істеуіне тура келіп тұр. Ал №3 көпбейінді қалалық аурухана ғимараты ескілігіне байланысты апатты жағдайда. Осы жағдайды реттеу үшін бірқатар кешенді шара қабылданды. Төсек-орын санының жетіспеушілігі мен қала халқының артуына байланысты 2 емдеу мекемесі мен 2 перзентхана салу, 7 емдеу мекемесі ғимаратын қайта жаңғырту жұмысы жоспарланған, – дейді Астана қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың маңызды факторының бірі – заманауи білімді, профилактика мен емдеу, диагностикалаудың жаңа әдісін меңгерген, қолданылатын жоғары медициналық технологиялардың экономикалық және клиникалық тиімділігімен қамтамасыз ететін мамандар даярлау және қайта даярлау. Денсаулық сақтау саласы мамандарының біліктілігін арттыру жоспарына сәйкес, 2022 жылы шетелде және ел ішінде жергілікті бюджет есебінен 800-ден астам маман оқытылды. Биыл 1700-ден астам медицина қызметкерін оқыту көзделуде. Оның ішінде 44 медицина маманы білімін шетелде, қалғаны Қазақстанда жетілдіреді.

# БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында кәсіпкерлікті дамыту маңызды екенін атап, іскерлік белсенділікті ынталандыруды тапсырды.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

Жаңадан жасақталған Үкімет алдында шағын және орта бизнес саласына қолдау көрсететін бірыңғай кешенді бағдарламаны әзірлеп, іске асыру міндеті тұр.

Экс-Президент Нұрсұлтан Назарбаев 2050 жылға қарай Қазақстанда бизнестің үлесін 50 пайызға жеткізуді мұрат еткенін жақсы білеміз. Қасым-Жомарт Тоқаев та кәсіпкерлікті дамытпай, ел көсегесі көгермейтінін түсініп отыр.

АҚШ-тың экономикалық қуатын шағын және орта бизнес арттырды.



Дереккөздерге сенсек, алпауыт елде жұмыс істейтін халық санының 52 пайыздан астамы кәсіпкерлік саласында қызмет етеді. Шамамен 20 адамға дейін қызмет ететін шағын кәсіпорындарда 19,6 миллион адам жұмыс істейді. Бұл АҚШ экономикасы кез келген жағдайға тез бейімделуде шешуші рөлге ие етеді. Азиядағы қаржы орталығы саналатын Жапония, Қытай, Корея және Сингапурда кәсіпкерлік саласы ЖІӨ-нің 50-60 пайызын құрайды.

Қазақстан да орнықты дамуда шағын және орта бизнесті дамытуға ынталы. Әрі түрлі-түрлі бағдарламамен қолдаудың жолын қарастыруда. Соның бірі бастапқы бизнесті іске асыруға ниетті азаматтарды қайтарымсыз грантпен қолдайды. Кәсіпкерлік мақсатта берілетін қайтарымсыз гранттар 2018 жылы – 100 АЕК, 2019 жылы 150 АЕК-пен берілсе, 2020 жылы – 200 АЕК, 2021, 2022 жылы 400 АЕК-ті (1 миллион 225 мың теңге) құрады. Ал 2023 жылы мемлекеттік грант сомасы 1 млн 380 мың теңге болып белгіленді. Бұл бизнес бастаймын деген ынталыларға көп көмек екені анық. Алайда елдің барлық азаматы ала алмайды. Олар: мүгедектігі бар адамдар, қандас мәртебесін алғандар, қоныс аударушылар және олардың еңбекке қабілетті отбасы мүшелері, аз қамтылған отбасылардың мүшелері, көпбалалы отбасының мүшесі (жұбайы, зайыбы), мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырғандар, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алатындар жүгініп, бизнесті бастап, дамытуға қайтарымсыз қаржы алуға мүмкіндігі бар.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар бөлу жөніндегі бірінші ағымның қорытындысы бойынша 2169 грант берілді. Бірінші ағым аясында барлығы 2577 грант беріледі. Үміткерлердің барлығы 24,2 мыңды құрады. Өтінімдердің ең көп саны Түркістан облысының (5,2 мың) және Шымкент қаласының (3,1 мың), ең аз саны Ұлытау облысының (155) және Қостанай облысының (272) үміткерлерінен келіп түсті. Мемлекеттік грант алып, бизнесті бастауға ниетті адамдар Астана қаласында да көп екені байқалды. Наурыз айындағы алғашқы лекте 809 өтінім қаралып, оның 33-і мақұлданды.

Жалпы, өтініш берушілер арасында бұрыннан отбасымен айналысатын кәсіп түріне қаржы алды. Бұл, бір жағынан, отбасылық кәсіпті дамытса; екінші жағынан, кәсібін заңдастырды деген сөз. Яғни қайтарымсыз гранттардың елдегі белсенді кәсіпкерлердің саны артуына септігі болды. Алайда қайтарымсыз грантты алушылардың барлығы қаржыны мақсатты жұмсамайтыны тағы анық. Көп жағдайда кәсіпті бастаушыларға креативті көзқарас, жаңашылдық жетісе бермейді. Ауылдық жерлерде екі сиыр бағуға негізделсе, қалалықтар тігін машинасы немесе кондитерлік өнімдер дайындауға басымдық береді. Жылда осы бағытқа қаржы құйылып жатқанынан бизнестің осы түрлері дамып кеткені шамалы. Содан болса керек-ті, Премьер-министр Әлихан Смайылов Үкімет отырысында бизнес-ортаны реттеудің «таза парақтан» реформасын жүзеге асыратынын мәлімдеп, 2030 жылға қарай шағын және орта бизнесте жұмыс істейтіндер санын 4,7 миллион адамға жеткізетінін мәлімдеді.

Сарапшылар «таза парақтан» реформасы бизнес-ортаны реттеудің тиімділігін арттыруға және ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлікті жандандыру үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға мүмкіндік беретінін айтуда. Бұған уақыт төреші.

Астана қаласында жиһаз жасау бизнесінен табыс тауып жүрген Іскендір Пазыловты әңгіме тарттық.

– Оңтүстіктен елордаға бизнес жасаймын деп келдім. Шымкент қаласында жиһаз жасайтын цехта азды-көпті тәжірибе жинағаным бар-ды. Бар арманым Астанада жиһаз жасайтын цех ашу болды. Ол үшін жеке ғимарат керек, құрылғылардың талапқа сай болуы маңызды. Бұған көп қаржы керек. Дегенмен берілмедім, клиенттер тауып, тапсырыс алдым. Содан кейін жинаған азды-көпті қаржыма материалдарды алып, осындағы жиһаз цехына барып, кестіріп алдым. Сөйтіп, бірнеше күнде тапсырыс берушіге жиһазын жеткізіп, құрастырып бердім. Осылай табыс таба бастадым. Кейін арнайы цех ашсам деп ойладым. Бірақ оған қажеттілік жоқ екен. Қазір қасыма бірнеше адам алдым. Тапсырыс аламыз, оны цехқа барып кестіріп, клиентке барып құрастырып береміз. Яғни бизнесті дамыту үшін үлкен өндіріс орнының керегі аз, бастысы сұраныс пен ұсынысты ескеріп, соған сай жұмыс істеу маңызды, – деді іскер азамат.

Қазір әлем қатты дамып келеді. Соны ескеруіміз тиіс. Біз әлемдік өркениет көшінен қалмауымыз үшін цифрландыру, IT, ауыл шаруашылығы саласында биотехнологияны енгізу, жекеменшік медициналық пункттер, білім орталықтары және тағы басқасын дамытуға мән беретін кез келді. Бизнесті осы бағытта өркендетудің артықшылығын түсінуіміз керек-ақ.

№40 (4473) 06/04/2023 Бейсенбі





Сұлтан СЕЙІТ

# СӘБИ ҮНІ ЕСТІЛЕТІН ҮЙ

## НЕМЕСЕ ПЕРЗЕНТХАНАНЫҢ БІР КҮНІ

Елорданың оң жағалауындағы перзентхана алды қолында әдемі гүлдері бар, жүздеріне шаттық тұнған адамдарға толы. Әсіресе, өмірге келген тұңғышын күткен әкелердің жүзі бал-бұл жанады. Көше бойында «Қазақ еліне бір ару», «Қазақ еліне бір атұстар» деген жазумен безендірілген көліктер қаптап тұр. Тіпті түрлі заманауи кино, мультфильмдер кейіпкерлері секілді киінген аниматорлар да өмірге келген сәби мен оның анасын перзентханадан шығарып алу сәтін шоуға айналдырып жібергендей.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Мейлі, сәбилі болғанда қуанбағанда, қашан қуанады. Тоғыз ай, он күн құрсағында көтеріп, енді аман-есен босанып шыққан ана үшін – бұл бір құрмет. Олармен бірге ақ халаттылар да мәз болып, ең бастысы, анасы мен сәбиін еш қиындықсыз аман-сау үйлеріне жіберіп жатқанына риза кейіпте. Ата-аналардың мұндай қуанышына олар күн сайын бірнеше рет куә болады. Бұл – бұрын «Теміржолшылар» ауруханасы атанған, қазіргі №3 көпбейінді қалалық аурухананың Акушерлік блогы алдындағы күнде болатын көңілді көрініс. Дәрігерлері мақтаулы, өздері жұмысын жоғары сапалы көрсеткішпен орындайтын ауруханада босануға әйелдер көп келеді. Осында тіркеулі болмаса да, мамандарының кәсібилігіне тәнті болып, алдын ала босануға арнайы жазылады. Салынғанына 60 жылға таяған ескі ғимаратта орналасса да мұнда бұрыннан келе жатқан мықты кадрлық база қалыптасқан. Осындай білікті мамандардың жаңа перзентханада жұмыс істейтін кезі де алыс емес. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жаңа перзентхана салуға жоба жасалуда. Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Самұрық-қазына» ұлттық әл-ауқат қорының қаржысымен Сарыарқа ауданының С-185 көшесіндегі 4,5 га жерге 250 орындық перзентхана салу жоспарланды.

Қазіргі таңда аурухананың Акушерлік блогында 450-ге жуық медицина мамандары күн-түн демей, өмірге жаңа адам сыйлау жолында тынбай еңбек етеді. Солардың бірі, блогтың пациенттерді қолдау және ішкі аудит департаментінің басшысы Анар Серікқызы былтырғы жетістіктері туралы айтып берді. Соның ішінде ең басты марапат – ЮНИСЕФ ұйымы атынан «Балаға ерекше қамқорлық таныта алатын аурухана» деген құрметті мәртебелі атауға ие болуы. Мұндай мәртебе оларға босанғаннан кейін ана сүтінен айырмауды кеңінен және тиімді насихаттап, жақсы нәтижеге жеткені үшін берілген. Блогта осы бағытта ана сүтінің пайдасы мен бала мен ана денсаулығына тиімділігін арнайы оқыған медбикелер тобы жұмыс істейді.

– Перзентханаға 15-16 жастан бастап, 40-50 жас аралығына дейінгі әйелдер келіп босанады. Былтыр 7357 әйелді босандырыппыз. Солардың біразы бұған дейін босанғасын немесе жүктілік кезінде түрлі курстарға барып, босануға дайындықпен келгендіктен емшек берудегі қиындықтарға дайын болып келеді, ол қиындықтарды тез еңсеріп кетеді. Ал жастар жағы немесе шыдамсыздары, әлде дайындықсыз келгендері тезірек жасанды сүт беріңіз, балам неге жылай береді, сүт шықпай жатыр деп байбалам салады. Міне, сол бағытта біздің арнайы оқытылған мамандарымыз оларға түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, – дейді А.Серікқызы.

Жалпы бүгінде елордада жүкті әйелдерді босандыратын 3 қалалық, 2 жекеменшік перзентхана және Ана мен бала орталығы бар. Соның ең ескісі осы №3 қалалық аурухананың Акушерлік блогы 1966 жылы пайдалануға берілген. Бастапқыда 80 орындық болған. Ақмола ел астанасы болғаннан кейін халық санының артуына байланысты 130 орынға көбейтілген. Ескілігіне қарамастан перзентхана босандыру рейтингі жағынан қалада ең жоғары деңгейде қалып отыр. Соңғы 7 жылда мұнда ана өліміне жол берілмеген. Босанатын әйелдер саны жылдан жылға арта түскендіктен, перзентхана персоналы барлық мүмкіндігін сарп етіп жұмыс істеуде. Сарыарқа ауданы бойынша бала туу жасындағы әйелдердің бәрін қабылдайтын перзентханада тіркелмеген жүкті әйелдер де келіп босанып жатады. Олар жалпы босанатындардың 20 пайыздан астамын құрайды. Босанғаннан кейін оларды жеке палатада жатқызу мүмкін емес, сондықтан бір палатада 3-4 адам жатады.

– Акушерлік блогымыз 4 қабаттан тұрады. Бірінші қабатта – қабылдау бөлімі, екінші қабатта – босанғаннан кейінгі Ана мен баланың бірге болу бөлімшесі, үшінші қабатта – босандыратын және ота жасайтын залдар, төртінші қабатта патологиялық және жан сақтау бөлімдері орналасқан. Әрине, ғимараттың өзі байырғы болғандықтан, палаталары да ескі. 130 орынның 65 орны – босанғаннан кейінгі ана мен балаға арналған палаталарға, 45 орын – патологияға, 20 орын – ауыр жағдайдағы балаларға, 10 орын босандыру залдарына бөлінген. Өмірге келетін сәбилерді аман-есен босандырып алу үшін мұнда күніне 20-21 дәрігерден шығып жұмыс істейді. Олардың ішінде гинекологтан бастап, ауыр жағдайдағы пациенттермен жұмыс істейтін реаниматолог, наркоз салатын анестезиолог, балаларды қарайтын неонатолог және басқа да дәрігерлер бар. Жалпы перзентханада 97 дәрігер, 244 орта персонал жұмыс істейді, – дейді департамент басшысы.

Перзентханада кадр тұрақсыздығы жоқ деуге болады. Мекеме ғимаратында Астана медициналық университетінің акушерлік-гинекологиялық кафедрасы орналасқан, сол кафедрадан мұнда резиденттер жұмыс істейді. Былтыр колледж бітірген 10 жас маман алынды. Одан бөлек, жас мамандардың кәсіби машықтарын жетілдіру және оларды қолдау үшін стационарда менторлық бойынша арнайы бағдарлама қабылданған. Ментор ретінде аға акушерлер мен медбикелер белгіленеді. Ұжымдағы еңбек өтілі ең көп медицина қызметкерлердің 36 жылдық тәжірибесі бар. Тек барлық жердегідей тәуекелі жоғары қызметтегі анестезиологтар жетіспейді.

Былтыр сондай-ақ перзентханаға ең заманауи диагностикалық аппарат алынып, дәрігерлер қуанышында шек болмады. Құны 350 млн теңге тұратын Voluson E10 УЗИ диагностикалық жабдығы перинаталды кезеңде әйелдің жүктілігінің 24 аптасынан бастап құрсақтағы баланың жағдайына нақты және дәл баға береді. Оны эксперт кластағы 4 жаңа феталды монитор арқылы көре алады. Акушерлік бағдарлама арқылы скрининг жүргізу үшін қаладағы басқа емдеу мекемелерінен де жүкті әйелдер талонмен келіп осы аппараттан тексеріле алады. Балалар және ересектерге арналған реанимация бөлімшесі де жабдықтармен толықты. Шала туған балаларға жаңа инкубаторлар, неонатальды монитор, сәбилердің гипотермиясын жүргізуге аппараттар да алынған. Блогта бала босандырудың бірнеше түрлері қарастырылған. Соның ішінде ең жеңілі әрі көп әйелдің сұранысына ие суда босандыратын ақылы палата тек біреу ғана. Алдағы уақытта салынатын жаңа ғимаратта осындай палаталарды көбірек ашуға ұсыныстар берілді.

Біз барғанда перзентханадан екінші бөпесін босанып шығып бара жатқан елордалық Айгүл Сейілханова мамандар қызметіне ризашылығын білдірді. Оған және бөбегіне жақсы қараған медицина қызметкерлеріне тап болғанына қатты қуанғанын жасыра алмады. Перзентхана өмірі жаңа туған сәбилердің іңгәлаған даусына бөленсе, ақ халаттылар үшін сол қуаныш. Себебі баланың жылауы – жаңа өмірдің белгісі. Жаңа тіршілік иесінің дүниеге келіп, жарық әлемді алғаш көрген сәтіне куә болатын Акушерлік блог қызметкерлерінің осы бір тынымсыз, әрі сауапты қызметі тоқтаусыз жалғаса береді.

---

Астанадағы осы перзентханада биылғы алғашқы үшем дүниеге келді. Үшемнің анасын Астана қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов арнайы барып құттықтап, сый-құрмет көрсетті.

Кәсіби білікті, тәжірибелі мамандарымен аты шыққан аурухананың акушер-гинекологтары мен неонатологтары үшемнің аман-есен дүниеге келуіне барын салды. Үшемдердің екеуі – қыз, біреуі – ұл. Сәбилердің анасы Әсел Шонтаева осыған дейін үш баланың анасы еді. Енді бірден көпбалалы отбасылар қатарына қосылды. Сәния, Самира және Айсұлтан есімді балапандардың денсаулығы қазір жақсы. Дәрігерлер сәбилерге күтім көрсетіп, үйге шығаруға дайындауда. Қала тұрғыны аталған аурухана дәрігерлеріне ризашылығын білдірді. Үшемнің дүниеге келуі сирек жағдай болатындығын ескерсек, жарық дүниенің есігін жаңа ашқан астаналық сәбилерге қала басшылығы тарапынан қолдау берілетініне үміттенеміз.

Елордада жылына 33 мыңнан астам бала дүниеге келсе, аталған аурухананың акушерлік блогында 8 мыңнан астам әйел медициналық көмек алады. Тәулігіне мұндағы акушерлер 15-25 жүкті әйелді босандырады. Биыл елордада жыл басынан бері 7 мыңнан астам сәби дүние есігін ашты. Солардың ішінде ЭҚҰ күшінсіз өзі босану арқылы үшем өмірге келуі – сирек жағдай.

---

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

# ИНСУЛЬТТЕН КЕЙІНГІ КӨМЕК ҚАНДАЙ?

Елордада №1 көпбейінді қалалық ауруханадағы Инсульт орталығы инсульттен кейінгі ағза қызметін қалпына келтіру және қайталама инсульттің алдын алу мақсатында медициналық көмек көрсетіп келеді. Былтыр аталған орталықта 1000-ға жуық науқасқа медициналық көмек берілген.

Қазір инсульт – халық арасындағы өлім-жітімнің екінші себебі. Одан бөлек, бұл дерт – мүгедектікке әкелетін аурулар арасында бірінші орында. Инсультке шалдығатын адамдардың шамамен 80%-ы мүмкіндігі шектеулі болады, олардың шамамен 25%-ы өмірінің соңына дейін тұрақты күтімді қажет етеді. Инсульттен кейінгі оңалту медицинада кең таралған. Бұл салада жұмыс істейтін дәрігерлердің басым бөлігінің осы мамандықты таңдауына ең ауыр аурулар, ми мен жұлыннан берілетін түрлі ауруларды анықтау, емдеу, науқастарды бақылау себеп болған. Медициналық оңалту орталығында тиімді емдеу үшін қажетті заманауи жабдықтар жеткілікті. Мұнда кәсіби физиотерапевтер, реабилитологтар, акупунктурист, хиропрактор, кәсіптік терапевт, логопед, білікті медбикелер өз қызметтерін ұсынады. Медициналық оңалту және қалпына келтіру орталығы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде тұрғындарға тегін, сондай-ақ ақылы негізде қызмет көрсетеді. 2012 жылдың 1 қарашасынан бастап ашылған инсульт орталығында ең жас дәрігер 4 айдан астам жұмыс істесе, сонымен қатар 11 жылдан астам еңбек атқарып келе жатқан дәрігерлер бар.



# СКРИНИНГТЕН УАҚЫТЫЛЫ ӨТІҢІЗ!

Скринингтік зерттеулер арқылы адам ағзасында пайда болған аурудың асқынуын дер кезінде анықтап, оның алдын алуға болады. Дәрігерлер сол мүмкіндікті өткізіп алмай, емхана мамандарының айтуы бойынша скринингтен өтуге шақырады.

ТМККК, яғни тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі арқылы сақтандырылмаған азаматтар үшін қандай скринингтік тексерулер қолжетімді? 30-39 жас аралығындағы әйелдер мінез-құлық қауіп факторларын ерте анықтау үшін скринингтен өтеді. Темекі шегу, дұрыс тамақтанбау, дене қимылының жоқтығы немесе алкогольді шамадан тыс тұтынуға байланысты пациентке салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану туралы ұсынымдар беріледі.

40 жастан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін және глаукоманы ерте анықтау үшін скринингтен өтеді. Қан қысымының, холестериннің, қан глюкозасының деңгейі және дене салмағының индексі анықталады. Бұл ретте кардиолог, эндокринолог және офтальмологтың консультациялары МӘМС пакетінде ғана, яғни тек сақтандырылған азаматтар үшін қолжетімді.

Ал МӘМС пакетінде сақтандырылған азаматтарға қандай скринингтік зерттеулер қолжетімді? 30 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер жатыр мойны обырын ерте анықтауға тексеруден өтеді. Оның ішінде ПАП-тест және тереңдетілген диагностика-бейне кольпоскопия, биопсия және гистологиялық зерттеу жүргізіліп, бейінді мамандардың консультациясы беріледі. Сонымен қатар 40-70 жас аралығындағы әйелдер сүт безі обырын ерте анықтауға, екі проекцияда маммографияға тексеруден өтеді. Қажет болған жағдайда тереңдетілген диагностика – нысаналы маммография, сүт бездерінің УДЗ, трепанобиопсия, пункциялық немесе аспирациялық биопсия, гистологиялық зерттеулер жүргізіліп, бейінді мамандардың консультациясын алады. Ал 50-70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер емокульт-тесттің көмегімен колоректалдық обырды ерте анықтауға тексеруден өткізіледі.

# АҚША СОҒЫСЫНЫҢ АҚЫРЫ НЕМЕН ТЫНАДЫ

## ДОЛЛАРДЫҢ ОРНЫН ЮАНЬ БАСА МА?

Осыдан бірнеше жыл бұрын Goldman Sachs банкінің сол кездегі президенті Гэри Кон «Әлемнің барлық елі өз экономикасының өсімі үшін ақша соғысына кірісіп кетті» деген еді. Әрине, бұл күнде ақша соғысы десе, көптің ойына алдымен, АҚШ доллары мен юань арасындағы немесе рубль, АҚШ доллары, евро арасындағы текетірес келеді. Соңғы кездері бұл қатарға Жапония иені қосылды. Бірақ бұл шайқас тек осы ақшалар арасында ғана жүріп жатқан жоқ, керісінше бүкіл әлем экономикасына әсер етіп, әр елдің валютасына да ауыр соққылар жасауда.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жаһандық коммерциялық және инвестициялық операциялардың қаржылық есептеулерінде белгілі бір тұрақтылық орнады. Атап айтқанда, АҚШ доллары сенімділік жағынан халықаралық валюталар арасында алдыңғы орынға шықты. Бірақ 2008 жылғы әлемдік қаржы дағдарысынан кейін үлкен өзгеріс туды: Еуропа елдері мен Қытай халықаралық қаржылық есеп айырысуда басқа валюта табуға талпына бастады. Әрине, бұл әлемге ақша үстемдігін жүргізіп отырған АҚШ-қа ұнаған жоқ. Керісінше ол доллардың орнын сақтап қалудың тың жолдарын қарастыра бастады. Ең алдымен, «арзан ақша саясатын» іске қосты, яғни коммерциялық банктердің корреспонденттік шоттарында жатқан мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алып, олардың бизнесті несиелендіруіне жол ашты. Пайыздық мөлшерлемені жоғарылатып, басқа валюталар құнсызданды. Алайда бұл әлемдік ақша соғысының доллардан арылу сұранысын тіпті үдете түсті.

Оның үстіне, АҚШ доллары да бұрын-соңды болмаған тың қатерге дөп келді. Жақында 2008 жылғы дағдарысты болжаған экономист Нуриэль Рубини АҚШ-тағы жүздеген банк банкротқа ұшырауы мүмкін деп мәлімдеді.

Нуриэль Рубини банктердің 620 миллиард АҚШ доллары көлеміндегі бағалы қағаздар бойынша іске асырылмаған шығынға ұшырағанын алға тартып, «Одан да жаманы, жоғары пайыздық мөлшерлеме банктердің басқа активтерінің нарықтағы құнын төмендетті. АҚШ-та банктердің іске асырылмаған шығындары іс жүзінде 1,75 триллион долларды немесе олардың капиталының 80% құрайды» деді. Демек аталған маманның уәжіне сүйенсек, салымшылар өздерінің депозиттерін қауіпсіз сезіне алмайды, бұл алдағы уақытта жүрттың АҚШ долларына деген сенімнің жоғалуына әкелуі мүмкін. АҚШ ақшасының бұл жағдайын қазақ тіліндегі «жығылғанға жұдырық» деген қанатты сөзben сипаттауға болады.

Доллардан арылу саясаты – бүгіндері кез келген мемлекеттің күнтәртібінде тұрған мәселе. Бірақ оны тиімді жүзеге асыру тәсілін әлі ешкім таба алған жоқ. Бұл оңай жұмыс емес. Алайда осы бағытта қарқынды шаралар қабылдауға қазіргі геосаяси жағдайлар ұтымды мүмкіндік туғызып тұр. Бірақ доллардан түбегейлі бас тарту бойынша заң жобаларын қарастырып жатқан бірден-бір мемлекет – Ресейдің өзінде қазір банктерде сақталып тұрған ақшаның басым бөлігі, 50 пайыздан астамы доллармен тұр. Сондықтан Ресейдің өзі шалт қимылға көше алмай келген еді. Ресей Украинаға басып кіргеннен кейін дүниежүзілік жағдайда үлкен өзгеріс болды. Ресей әп-сәтте әлемдегі санкция ең көп салынған елге айналып, экономикасы үлкен сынаққа дөп келді. Рубль зор дәрежеде құнсыздануға айналды. «Суға кеткен тал қармайды» дегендей шарасыз қалған Мәскеу өз өнімдерін (мұнай мен газ) Еуроодақ пен АҚШ-қа доллармен, еуромен сатудан бас тартып, табиғи газды ресейлік рубльге сату туралы шешім қабылдады. Бұл рубльдің зор дәрежеде құнсыздануының алдын алғанымен, Ресей Еуроодақ пен батыс елдерінің нарығынан айырылып, табиғи байлығын өз ақшасын әлемдік валютаға айналдыруға талпынып отырған Үндістан мен Қытайға өте арзан бағамен сатуға мәжбүр болды. Осылайша бұл «қайтсем долларды ығыстырып, юаньді халықаралық валютаға айналдырам» деп басы қатып отырған Қытайға «май тілесең, міне, құйрық» болды.

Өткен айда Қытай төрағасы Ши Жипиң Мәскеуге барып қайтты. Ұзын құлақтан естуімізше, осы кездесуде Қытай мен Ресей юаньмен есеп айырысуға, сондай-ақ юаньмен есеп айырысатын елдердің қатарын көбейтуге келіскен-мыс. Осы арқылы долларды ығыстырып, доллардан құтылу аяқ алысын тездетпек. Қытайдың бұл бастамасына Иран да келіскен. Қытай енді өз қатарына Сауд Арабиясын тартып, мұнайдан бұлақ ағызған елді барлық саудада юаньмен есеп айырысуға, АҚШ долларын біртіндеп ығыстыруға итермелеп отыр. Қытайдың ұзақ жылдардан бері қырбай болып отырған Иран мен Сауд Арабиясы арасына ара ағайын болып татуластыруындағы бір мақсаты осы дейді мамандар.

2000 жылдан бастап Қытайдың жаһандық экономикалық аренадағы рөлі артып, Қытай АҚШ-тан кейінгі әлемдегі екінші ірі экономикалық державаға айналды. Дүниежүзілік банктің 2021 жылы жариялаған мәліметтеріне сүйенсек, Қытайдың ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) 117,7 трлн АҚШ долларына жетіп, сол жылғы жалпы әлемдік ЖІӨ-нің 18,4%-ын құрады. Тауар экспортының жалпы көлемі 33,36 трлн АҚШ долларға жетсе, тауар импортының жалпы көлемі 22,68 трлн АҚШ доллары мөлшерінде болды.

Қытай экономикасы орнықты қадаммен өркендеп, халықаралық саудада, сондай-ақ даму үстіндегі елдер мен дамымаған кедей елдерге несие беруде, технологиялық жақтан көмек көрсетуде АҚШ пен Еуропамен үзеңгі қағыстыратын деңгейге жетіп, жер бетінің алты құрлығына өз ықпалын жүргізуге тырысты, бұл кезі келгенде Қытай – АҚШ арасындағы сауда соғысына айналып шыға келді. Демек, осы текетіресте кім жеңсе, болашақта соның десі артып, ақшасы да әлемдегі ең қуатты валютаға айналғалы тұр.

2016 жылы Халықаралық валюта қорымен болған келіссөздердің арқасында Қытай юаньді әртүрлі елдердің валюта резервтерін құрайтын халықаралық валюталардың біріне айналдырды, осылайша юаньнің одан әрі дамуына жол ашып, әлемдік валюта және қаржы жүйесіне кіруіне және юаньмен есеп айырысуға үлкен мүмкіндік тапты. Халықаралық валюта қоры юаньді халықаралық резервтердегі тиімді валюталардың бірі ретінде қабылдағаннан бері Қытай бірқатар аймақтарда, соның ішінде Катар мен Парсы шығанағы аймағында, Біріккен Араб Әміріліктерінде юаньмен есеп айырысу орталықтарын құруға ұмтыла бастады. Сонымен қатар, Азия мен Еуропа елдерінде де есеп айырысу орталықтарын құрды. Қытайдың Орталық Банкі юаньға иелік еткісі келетін елдерге қажетті соманы көптеп беруге уәде етті.

Бірақ азулы АҚШ-тың ақшасы да оңай дес берейін деп тұрған жоқ. Халықаралық валюта қоры ұйымының мәліметіне сүйенсек, АҚШ доллары әлемдік валюта резервтерінің 41% құрайды, сонымен қатар ол әлемдік сауда-саттықтың 60%-ында төлем валютасы болып табылады. Сондай-ақ АҚШ доллары халықаралық қарыздың жалпы көлемінің 60%, халықаралық несиелік төлемдердің жалпы көлемінің 52%-ын ұстайды. Демек, юань бұл деңгейге жету үшін көптеген экономикалық факторлар қажет. Уақыт факторлары да ескерілуі керек.

Юань шетелдік резервтік валюта ретінде пайдалану көрсеткіштері бойынша АҚШ доллары, еуро және жапон иенінен кейінгі төртінші орында тұр. Қазіргі уақытта Иран, Біріккен Араб Әміріліктері, Дубай, Үндістан, Сингапур, Түркия және Индонезия сияқты 30 ел есеп айырысуда немесе инвестициялық мәмілелерде біртіндеп юаньді қолдануға көше бастады. Бүкіл Африка құрлығы да – юаньнің ықпалында. Алдағы уақытта бұл елдердің қатары көбеймесе, азаймайтын түрі бар. Әсіресе, Ресейдің де юаньмен есеп айырысуға мәжбүр болуы, сондай-ақ Сауд Арабиясы мен Қытайдың қарым-қатынасының күшеюі соңғы кездері тұтас әлемнің назарын аудара бастады. Егер алда-жалда Сауд Арабиясы да сыртқы сауда мен мұнай саудасында юаньмен есеп айырысуға көшетін болса, онда доллардың орны шынымен де шайқалайын деп тұр. Оның үстіне, Қытайдың даму үстіндегі елдерге және мешеу елдерге берген екіжақты қарызы шамамен бір триллион АҚШ доллары шамасында болуы мүмкін, бірақ бұл тек болжам ғана, өйткені Қытай ресми статистиканы ешқашан ашық жариялаған емес.

Қытайдың юаньді басқа елдермен қаржылық және коммерциялық операцияларда есеп айырысу валютасы ретінде пайдалана бастауын екі мәселе тұрғысынан түсіндіруіміз керек: біріншіден, юань АҚШ долларынан кейінгі жаһандық деңгейде ақша болуға құлшынысы жасаған алғашқы валюта емес. Еуро, жапон иені, британдық фунт, австралиялық доллар және канадалық доллар сияқты басқа валюталар да осындай қадамдарға барды. Екіншіден, бұл қадамды АҚШ пен Батыс арасындағы әлемдік экономикадағы үстемдікке таласу тұрғысынан түсіндіру қажет. Бірақ жаһандық бәсекеде АҚШ долларын жеңу үшін юань әлі де ұзақ үрдісті бастан кешіреді, шешетін мәселелер де аз емес. Өйткені юаньмен есеп айырысу Қытайдың АҚШ долларына болған тәуелділігін жеңілдеткенімен, юаньмен есеп айырысуға келісім берген елдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру жағынан үлкен қиындықтарға дөп келеді.

Екінші жағынан, Қытай-АҚШ-тың қазынашылық облигацияларына ең ірі инвесторлардың бірі, яғни активтердің жалпы көлемі 1 трлн АҚШ долларын құрайтын Қытай – бұл жағынан әлемде Жапониядан кейінгі екінші орында. Сонымен қатар, Қытайдың 3,1 трлн АҚШ долларын құрайтын валюталық резервтері бар. Оның үстіне Қытай техникалық жақтан әлі де АҚШ-тың алақанына қарап отыр. Әсіресе жартылай өткізгіштер АҚШ, Жапония елдерінің Қытайды шаужайлауындағы басты кезірі. Демек, юаньнің үстем орынға шығуына әлі біраз уақыт бар, жолындағы кедергілер де аз емес.

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ПАЛЕСТИНАДА ЖАҒДАЙ УШЫҚТЫ

Израиль полициясы Құддыстағы әл-Ақса мешітінде таң намазына жиналған жамағатқа шабуыл жасады.



Палестинадағы «Қызыл крест» ұйымының хабарлауынша, 7 адам жарақат алған. Зардап шеккендер арасында әйелдер де бар. Сондай-ақ еврей полициясы дәрігерлердің жаралы адамдарға дер кезінде көмек көрсетуіне кедергі жасаған. Израиль билігі мешітте жасырынған бүлікшілерді ұстау үшін ішке еріксіз кіргенін айтып ақталды. Бір тәртіп сақшысы аяғынан жарақат алған. Осыдан кейін Израиль мен Газа аймағы түні бойы өзара соққы жасады. Газа аймағынан Израильге зымырандар жіберілсе, Израиль қарымта жауап ретінде ұшақтармен соққы берді.

### ТРАМП СОТТАЛА МА?

АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трамп өзіне тағылған қылмыстық айыптарды мойындамады. Айыптардың бірі ретінде – әйгілі порножұлдызға 2016 жылы президенттік сайлауға түсерде ауызбастырық ретінде 130 мың доллар пара бергені де айтылады. Құқық қорғау саласындағы сарапшылардың пікірінше, бұл іс Трамптың 2024 жылы президенттікке түсуіне кедергі бола алмайды.



Сот отырысы сейсенбіде сағат 14:15-ке белгіленген еді. Алдымен, кәдімгі күдікті ретінде Трамптан саусақ табын алған, бірақ фотосурет түсіруге рұқсат етілмеді. Нью-Йорк штаты Жоғарғы Сотының судьясы Хуан Мерчан БАҚ-ның процесті түсіру туралы өтініштерін қабылдамады. Сол маңға АҚШ-тың бұрынғы президентін қолдайтын топ «Трамп жеңеді, Американы сақтайық» деген ұрандар жазып, көшеге шықты.

Дональд Трамп әлеуметтік желідегі жазбасында Манхэттеннің қылмыстық соты «істі қарау үшін өте әділетсіз орын» деп мәлімдеді және сот отырысын республикашыларға үнемі дауыс беретін Статен-Айлендте өткізуге шақырды.

### ФИНЛЯНДИЯ – НАТО МҮШЕСІ

Бұрыннан бейтараптық саясат ұстанып келген Финляндия – енді Солтүстік Атлантикалық Келісім Ұйымының толыққанды мүшесі. Сарапшылардың сөзінше, ел билігінің мұндай шешім қабылдауына ең алдымен, Украинадағы ахуал түрткі болған. Енді, міне, араға 10 ай салып, НАТО құрамына 31-мемлекет қосылды.



Швеция мен Финляндия бір мезгілде НАТО-ға кіруге өтініш білдірген еді. Бірақ Түркия бұл елдердің де одаққа кіруіне тосқауыл қойып келді. Ресми Анкара екі Скандинавия елін террорлық ұйым деп санайтын Күрдістан жұмысшы партиясының мүшелерін, сондай-ақ 2016 жылы түрік жерінде төңкеріс жасау әрекеті ұйымдастырды деп айыпталған Фетхуллах Гүленнің жақтастарын панапатып отыр деп айыптады. Дегенмен, Түркия парламенті 30 наурызда Финляндияны НАТО-ға алу туралы хаттаманы мақұлдады. Хаттамаға бірде-бір депутат қарсы дауыс берген жоқ.

Финляндия мен Ресей арасындағы шекараның ұзындығы – 1271 километр, шекарадан ел астанасы – Хельсинкиге дейін 200 шақырым. Қазір Финляндия Ресеймен арадағы шекарада қабырға тұрғызып жатыр. Ұзындығы 260 шақырымға жетуі мүмкін. Құрылысқа жүздеген миллион еуро бөлу көзделіп отыр. Нысан 4 жыл ішінде толық аяқталу тиіс. Айта кетейік, Финляндия НАТО құрамына кіргеннен кейін альянс пен Ресей шекарасы 1300 шақырымға артты.



# ОРАЗА ЖӘНЕ ОҚУШЫ

## НЕМЕСЕ ДІН БІЛІМ-ҒЫЛЫМ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ МЕ, КӨМЕК ПЕ?

Жуырда танымал сайттардың бірінде «Ораза ұстап жүрген мектеп оқушыларының көбеюі – ел үшін үлкен трагедия!» деген Жанұзақ Әкімнің пікірі жарияланды. Оны біраз адам Facebook парақшасында бөліскен соң әлеуметтік желідегі дау-дамайға, пікірлер қақтығысына себепші болды.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

### ЕЛДІҢ ӨРКЕНДЕМЕУІНЕ ДІН СЕБЕПШІ МЕ?

«Мектеп жасындағы балалардың, өсіп келе жатқан жастардың ораза ұстап, оны бір дәреже көруі – заманауи өмірге қайшы» деді қоғам қайраткері Жанұзақ Әкім. Оның айтуынша, Рамазан айында жаппай ауыз бекіту орта ғасырлардағы пайғамбарлар дәуірін, яғни діндердің енді-енді пайда болған үңгірлік кезеңін еске түсіреді. Осының салдарынан дәл қазіргі біздің қоғам соңғы 15-20 жылға кері кетті.

«Жас балалар қазір діннен не түсінеді? Олар ешнәрсе түсінбейді, оларға ораза ұстау бір дәреже сияқты болып көрінеді. Ал шындығына келсек, мына соңғы жарты ғасырдан астам уақытта батыс елдері, яғни дамыған елдер қоғам алға дамуы үшін дін мен әдебиеттің түкке қажеті жоқ екенін түсінді. Қоғамды дамытатын – ғылым, білім, инновация. Осы үш нәрсе. Дамыған елдер мен дамушы елдердің айырмашылығы тек осыған байланысты. Исламды ұстанған 57 ел бар. Онда 2,5 млрд-қа жақын халық тұрады. Бірақ атақты философ Хуанның айтуынша, «Осы ислам елдерінің ешқайсысы демократиялық елдердің қатарына кірмеген және ешқайсысы дамыған 20 мемлекеттің қатарына енбейді» дейді Жанұзақ Әкім.

Оның сараптауынша, ислам елдерінде білім мен ғылымға мемлекеттен бөлінетін қаржы батыс елдеріне қарағанда 20 есеге аз.

«Соның салдарынан ислам елдері білім, ғылым, технологияға қол жеткізе алмай отыр. Мысалы, ең дамыған осы елдердің ішінде мұнай сатып күн көріп отырған Сауд Арабиясы мен Әмірліктер болса, солардағы халықтың, яғни жергілікті арабтардың жартысынан астамы сауатсыз, әлі күнге дейін әріп танымайды. Діннің не істейтінін көрдіңіз бе? Ислам елдерінің, Түркиядан басқасы, барлығы ІІІ ғасыр бойы отар ел болды. Олар неге құл болды? Себебі оларда отарлаушылармен күресетін білімі де, ғылымы да болған жоқ. Сол ғылым арқылы шығарған қаруы жоқ ел халқын да қорғай алмайды, мемлекеттік жүйелер де ислам елдерінде қалыптаспайды» дейді қоғам қайраткері.

Жанұзақ Әкімнің айтуынша, бұл жерде басты мәселе қоғамды дінге қарсы қоюда емес. Бұл – үлкен статистика. 2,5 млрд халықтың, 57 елдің статистикасы дейді.

«Әрине, статистиканы алдай алмайсың. Соңғы мың жылда ислам халифатынан кейінгі кезеңде ислам елдері даму бойынша артта қалып қойды. Ал біздің қоғам жайлап-жайлап «талибандардың қоғамына» қарай кетіп бара жатыр. Мынау салафизм, ваххабизм деген, т. б. көптеген экстремистік діни ағымдарды қабылдаған жастарға білімнің түкке де керегі жоқ, ғылым керек емес. Сол бес уақыт намазын оқып, оразасын ұстаса, соған мәз болып жүреді. Ондай балалардан не шығады? Мектеп, университет бітірген соң олардан базардағы арба сүйреушілер ғана шығады. Олар, керісінше, жас кезінде дүние жүзін аралап, ғылым, білім, оқу іздейтін кезде біреудің жаназасын шығару, тағы бірдеңе сияқты ешқандай мақсат-мұратсыз жүрген жастарға айналады, елдің ертеңі сондай мемлекетте болашақ жоқ...» деп күйінеді Жанұзақ Әкім.

Әрине, отандық білімнің сапасы жоғары болса, өндіріске ғылымның озық нәтижелері енгізілер еді, дипломмен жұмыс таба алмай жүрген қабілетсіз мамандар азаяр еді. Білім жүйесінде жүйенің жоғы себепті оның ащы жемісін жеуге мәжбүрміз. Бұл тұрғыдан келгенде айтатын, көтеретін өткір мәселе көп-ақ.

Не істеу керек? Ең әуелі қоғамдық көзқарасты өзгерту керек. Білім берудің басты міндеті – оқудан кейін табыс табатын, өзін және отбасын асырайтын, жаңа жұмыс орындарын ашатын, салық төлейтін, өзін-өзі қамтамасыз ететін азаматтарды даярлау. Өкінішке қарай, соңғы жылдары біз кері процесті көріп отырмыз: тұрақты жұмыс таба алмай, күнкөрісі нашар, әлеуметтік ауыртпалықтан арылмаған, мемлекеттен үнемі көмек сұрайтын, білімі төмен, кедей адамдардың саны артып келеді.

Тағы да айтарымыз – білімге тек әлеуметтік сала, әлеуметтік функция ретінде қарауды тоқтатып, оны стратегиялық бағыт ретінде, болашақтың бағдары етуіміз керек. Сонда ғана болашағына сенімді, ел экономикасын өрге сүйрей алатын білікті, бәсекеге қабілетті мамандар, ұлтына жаны ашитын нағыз азаматтарды тәрбиелей алатынымыз хақ.

### ДІН ӨКІЛДЕРІ НЕ ДЕЙДІ?

Әрине, Жанұзақ Әкімнің кейбір пікіріне қосылуға болар, әріптестеріміз баспасөз бетінде дабыл қағып, жазғанындай, егер мемлекет білім беру жүйесін дағдарыстан шұғыл түрде шығара алмаса, онда Ирак, Ливия, Ауғанстан, Мысыр сияқты елдердің жолын қайталау қаупі бар. Бірақ имандылыққа, адамгершілікке, ізгі іске үндейтін мұсылманның бес парызын өтеу жолында жастардың ізгі амалдары, игі қадамдары қуана қабылданатын үрдіс екенін ұмытпауымыз қажет.

– Мынадай пікірлерді діни сауаты бар адам айтқаны дұрыс. Бұл кісі ілімсіз үлкен қателіктерге барып жатыр. Орта Азия да Түркияның жетістіктерін неге толық мойындамайды, басқа ортаазиялықтар неге батыстың деңгейіне жете алмайды? Демек, дін ғылымның дамуына еш кедергі емес. Әркім өз өмірін дінсіз елестетіп көрсінші, небір арсыздық, зұлымдық, алдау, біреудің ақысын жеу, өтірік есеп беру, тағысын тағылар толып жатыр... Дінсіз жеткен жетістігіміз осы ма?! Егер батыс сияқты адалдық болғанда, біз де сол жетістікке жетер едік. Бізді құртып жүрген – көзбояушылық. Университеттерде студенттердің біліміне сай баға беріліп жатыр ма, тағысын тағы солай әркім өз міндетін дұрыс атқарса, әлдеқайда шарықтап кетер ме едік?! Отырып алып артта қалғанымызды өзімізден емес, діннен іздегеніміз – нағыз сауатсыздық, – деді қала мешітінде жұмыс істейтін, бірақ аты-жөнін көрсетуді қаламаған наиб имам, дінтану бойынша білім магистрі.

Желідегі пікірлер де қақ жарылды, біреулер қоғам белсендісін жақтаса, қасиетті Рамазан айында ауыз бекітіп, ниет еткендер жастардың, балалардың басқа тәрбиені емес, көше тәрбиесін емес, ізгілік нұрландырған жолмен жүруін құптайтынын білдірді.

«Дін жұмыр басты пенденің жан дүниесіне рухани тұрғыдан тірек болады. Бірақ сенім бар да, адасу деген бар. Оны құзырлы мекемелер қалайда реттеп, алдын ала жастар арасында дұрыс насихат жүргізілуі тиіс. Ал имандылыққа бет бұрған жастардың әрекеті – құба-құп қабылданатын қадам. Дін жолына түсу үшін де білім керек. Әйтпесе құл боласың. Құдай «құл бол» деп жаратқан жоқ. Білімсіз жасалған дүние қоғамға қауіпті

«Білім жүйесін айтса айтсын, ғылым мен білімге қатысты қадау-қадау мәселелер бар, бірақ оны ислам дініне байлаудың не қажеті бар?! Ал салафизмге қатысты айтылғандарға толық қосыламын, егер оны ескермесек, екінші Ауғанстан болу қаупі туындайды» дейді бір оқырман желіде.

### ҚОҒАМҒА ҚАУІП ҚАЙДАН?

«Қазіргі таңда діни экстремизм десе қоғам салафизм ұғымын еске алатын жағдайға жетті. Одан басқа елімізде қауіпті болған немесе болашақта қауіп тудыруы мүмкін болған діни топтар, ағымдар, өкінішке қарай, бар. Қазіргі мен көріп отырған тенденция бұрынғыдай емес. Бұрын деструктивті діни топтар атойлап, менмұндалап өз атын танытып жүретін еді. Ал қазіргі жағдайда идеясы сыртқы елдерден келген кейбір діни жамағаттар «сауатты» жұмыс істей бастады. Мейлінше өздерін жасырын ұстап, миссиясын орындап жүр» дейді танымал теолог Жандәулет Сүлейменов.

Бұл дегеніңіз, шындығында, тіпті керек болса, мемлекеттік біртұтастылық пен ішкі тыныштыққа қауіпті. Мұндай фактілер әлемдік тәжірибелерде де көптеп орын алып отырғанын көріп отырмыз. Сондықтан еліміздегі сырттан басқарылатын жамағаттарды нақты саралап және оларға стратегиялық тұрғыда тойтарыс беру қажет. Өйткені сыртқы идеологиямен құрылған діни топқа ергендерде мемлекеттің қауіпсіздігі мен біртұтастығынан бұрын ұйым миссиясының қағидалары әрқашан жоғары тұрады. Қысқасы, «әмірші» не айтса, соны орындайтын деңгейге жетеді.

### ДІНИ САУАТЫМЫЗ, ДІН МАМАНДАРЫ ҚАНДАЙ?

Бұл тұрғыдан алғанда, діни сауатымызды ашу үшін теолог маманға, дінтану маманына сұраныс жоғары. Олар қоғамдағы діни сауаттылықты көздейді, адамдардың діни ағымдардың жетегінде кетпей, дін туралы дұрыс ақпарат алуына жәрдемдеседі, яғни қоғамға өте керек мамандар. Ал қазір дінтану мамандығында оқып жатқан студенттерге қарасақ, көпшілігі тек грант үшін, әйтеуір жоғары оқу орнын бітіру, диплом алу үшін ғана келгендер екенін жасыруға болмайды. Сұрап көріңізші, көбі – бір кітапты басынан аяғына дейін оқымағандар, Абай мен Шәкәрімнің кім екенін білмейтіндер. Өте өкінішті. Дінтану мамандығы – біздің қоғамға өте керек, өте зәру мамандық, ал оларды даярлауда қалай болса солай дипломмен студент шығару ұлт болашағына көптеген қауіп әкелері сөзсіз. Университет қабырғасында лайықты бағыт-бағдар, дұрыс білім ала алмағандар ертең барып мектептерде, жоғары оқу орындарында сабақ береді немесе әкімдіктерде, мемлекеттік құзыретті орындарда жұмыс істейді. Ал сауатты, білімді маманның айтары көп, қаншама адамға дұрыс бағыт-бағдар бере алар еді, қоғамға пайдасы тиер еді, имандылықтың арғы жағында білімге, ғылымға ұмтылу, тереңдік, сараптай білу сияқты жақсы қасиеттер болуы тиіс, сонда ғана оқу орны да, оларды оқытқан ұстаздары да лайықты маман даярлағаны үшін халық алдында жүзі жарқын болар еді деп ойлаймыз.

### БАБАЛАР СӨЗІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРЕМІЗ БЕ?

Қазақ әдебиетінің ұлы тұлғалары: Яссауи, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасын жеке-жеке тақырып бойынша сараласақ, үлгі мен өсиетке, тәрбие мен тағылымға құралған туындыларын бөліп қарастыра аламыз. Бұлар – ХХІ ғасырда да өзегін жоғалтпаған құнды мұралар. Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп есімдерінің бірге аталуының сыры тереңде. Себебі қазақтың үш алып тұлғасы да ұлттық ойлау жүйемізді сақтап, дініміз бен дәстүріміздің берік сабақтастығын бұзбай, бүгінгі ұрпаққа табыстаған ұлылар. Алаштың үш ғұламасының еңбектері ғылыми зерттеулермен пара-пар. Себебі бұл еңбектерде дінтану, жантану, тәнтану, педагогика, психология, тарих, этнография сияқты көптеген сала қамтылып, түрлі сауалға нақты жауап берілген. Осы тұлғаларды білмей, олардың көптомдығын оқымай, дінтану маманының толыққанды кадр екеніне сену қиын. Сондықтан адам өміріне жауапты дәрігер сияқты дінтану мамандығына да сондай көзқараспен қарау қажет, себебі сауатты маман қаншама адасқан адамға жол көрсетіп, имандылық пен діннің, дәстүрдің жолы қандай, рухани ұстаздың маңызы неде деген сауалға толыққанды жауап бере алатындай дайын кадр болуы қажет деп есептейміз.

Дін – діңгек. Дінаралық татулық бар жерде елдің бірлігі де мығым болады. Бәрін мемлекет реттеп отырады. Оған талас жоқ. Дін жұмыр басты пенденің жан дүниесіне рухани тұрғыдан тірек болады. Бірақ сенім бар да, адасу деген бар. Оны құзырлы мекемелер қалайда реттеп, алдын ала жастар арасында дұрыс насихат жүргізілуі тиіс. Ал имандылыққа бет бұрған жастардың әрекеті – құба-құп қабылданатын қадам. Дін жолына түсу үшін де білім керек. Әйтпесе құл боласың. Құдай «құл бол» деп жаратқан жоқ. Білімсіз жасалған дүние қоғамға қауіпті. Қоғамда енжарлық, тоғышарлық, масылдық, келеңсіз көріністер жиі белең алған шақта, еңбек етуге ынта мен жігер азайған тұста еңбек адамына құрмет, білімге ұмтылу ерекше болуы тиіс. Жастарға тәрбие берудің басты құралы ретінде осы идеяларды ілгерілету қажет. Білімді ұлт. Терең білім. Еңбекқорлық және отаншылдық қасиет қана келешегімізді кемел, болашағымызды бағдарлы етпек.

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Біздің мемлекетте бөлініс жоқ. Дініне, жынысына, көзқарасына қарап ешкімді қудаламайды, қысымға алмайды. Зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет құру – басты парызымыз. Сондықтан бізде сөз, діни наным-сенім бостандығы бар. Өйткені Ата Заңымыздың өзінде «Қазақстанның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп атап көрсетілген. Демек, Конституция кепілдік беріп отырғаннан кейін еркіндік бар деген сөз. Бірақ еркіндік бар деп жұртты адастыратын жаңсақ пікірлер айтудан алшақ болсақ дейміз.

**P.S:** ***Қазаққа ғылым мен білімге ғана ұмтылып қоймай, діни сауатын ашатын кез келді. Білімді деген азаматтардың өзі желіде осындай жаңсақ пікір айтып жатса, оқымағандар, енді өсіп келе жатқан жеткіншектер кімдерге қарап бой түзеуі керек деп ойлаймыз.***

Адам баласы ес білгеннен бастап зейнетке жеткенге дейін әртүрлі өмір белестерінен өтеді. Халқымызда мынадай сөз бар ғой: көрешегіңді көрмей өлмейсің деген. Өмір жолында неше түрлі қиыншылықтарды, қуаныштарды ыңғайсыздықтарды бастан кешіресің. Зейнетке шыққаннан кейін осылардың бәрін есіңе алып, еліме, халқыма, отбасыма, балаларыма, туыстарыма, жора-жолдастарыма қандай жақсылық жасадым деп ой елегінен өткізесің. Сондай күйде бір кездері менің кейіпкерім Аманжол Нұрмұхамбетұлы Жазин болған шығар деп ойлаймын.

# ЕЛІНЕ АДАЛ ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН АЗАМАТ



Ол кісінің өмірбаянын қарап отырсаң елу жылға тарта еңбек жолында еліне, халқына адал еңбек еткендігі тайға таңба басқандай көрініп тұр. Он төрт жасында мамандық алу үшін теміржол көлігі техникумына оқуға түседі. Оны төрт жылда бітіріп, Ерейментау локомотив депосында тепловоз машинисінің көмекшісі болып еңбек жолын бастайды. Содан кейін училищеде мастер, ұстаз қызметтерін атқарады. Әрі қарай энергетика саласына жұмысқа ауысып, инженер, бас инженер, шеф-инженер лауазымдарында жұмыс атқарады. Кеңестік дәуірде коммунистік партия кадрлар дайындауға жіті қарайтын. Дайындықтан өткен, білімді, басқару қызметіне ыңғайы бар жастарды комсомол, партия жұмыстарына шақыратын.

– Бұрынғы қызметімде жалақым өте жақсы болса да, одан жалақысы әжептәуір төмен Целиноград қалалық партия комитетіне нұсқаушы болып ауыстым. Одан кейін менің қабілетімді байқады-ау деймін, мені облыстық партия комитетінің өндірістік-көлік бөлім меңгерушісінің орынбасарлығына қызметке шақырды, – деп еске алады Аманжол Нұрмұхамбетұлы. Біздің аяулы ағамыз Қасым Аппасұлы Тәукенов Атбасарға бірінші хатшы болып барғаннан кейін өндіріс-құрылыс саласын жүргізетін хатшы іздейді. Таңдау Аманжол Жазинге түседі.

– Мен онда барғаныма өкінбеймін, мені Қасекең қызметті ұтымды жүргізудің әртүрлі жолдарын үйретті. Ол кісіден басқарудың, халықпен жұмыс істеудің қыр-сырын үйрендім. Мен ол кісіге өте ризамын және қарыздармын, – деп еске алады менің кейіпкерім. Бұл ауданда жемісті үш жыл қызмет атқарғаннан кейін Әужекеңді Астрахан аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметіне ауыстыруға облыстық партия комитеті шешім қабылдайды. Бұдан он бес жыл бұрын осы ауданда осы қызметті әкесі Нұрмұхамбет Жазин атқарып кетіпті. Астрахандықтар әкесін қатты сыйлап құрмет тұтқан. Оның айғағы - аудан орталығында ол кісінің атында көше және мемориал тақта орнатылыпты. Бұл ағамыз екі мәрте Ленин орденімен марапатталып, осынша рет Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады. Нұрекең Хрущевтің солақай саясатының бірі жекеменшік малды ұстауды күрт төмендету керек екендігін шешкен кезде оған қарсы болып, аудан тұрғындарының малдарына тиіскізбейді. Сол үшін бюрода қатаң сөгіс алады. Әкесінің орнына баруға қорқақтайды. Обком шешті, артқа жол жоқ. «Әкеден ұл тумай ма, әке жолын қумай ма» деген қағиданы басшылыққа алып, бұл жұмысқа да кірісіп кетеді.

Бұдан кейінгі қызметтерінің айшықтысы – Теңіз ауданының бірінші хатшысы. Аудан қой шаруашылығына бейімделген. Сол кезде Л.И.Брежнев Қазақстанда болып, сіздер қойдың санын елу миллионға жеткізуге мүмкіншіліктерің бар деген болатын. Осы тапсырма орындалмаса да, қой санын арттыру мақсаты тұрды. Аудан жабылғаннан кейін бұл ауданның жерін Қарағанды облысының Нұра ауданына берді. Менің кейіпкерімнің сөзі бойынша қарағандылықтар жақсы қарсы алыпты. Қойшыларға не керек бәрімен қамтамасыз етіп отырыпты. Қарағанды қаласында Д.А.Қонаевтың қатысуымен өткен жиналыста Аманжол Жазин сөйлеп, Коркин бастаған басшыларға ризашылығын білдіріпті. Ауылы аралас, қойлары қоралас болған ұзақ жылдар Қорғалжынға қайтадан неге бермеді деген сұрағыма Әужекең Н.В.Морозов бұл ауданнан құтылуға тырысып, Шұбаркөлді сылтау етіп Қарағандыға өткізуге барлық әдісті қолданды деп жауап берді. Содан кейін Ақмола облысының экономика басқармасы бастығының орынбасары, тәртіптік кеңесі төрағасы, облыстық мәслихат хатшысы қызметтерін атқарды. 2007 жылы төртінші шақырылған Мәжіліске депутат болып сайланады. Аманжол Нұрмұхамбетұлы қай қызметте болса да, еліне адал қызмет етуге тырысады. Соның белгісі болар, «Құрмет» орденінің және бірнеше медальдар, мақтау грамоталарының иегері болуы. Менің кейіпкерім бүгінгі Президентіміз Қ.-Ж.Тоқаев туралы жылы лебіздерін білдірді. Ол кісі Сенат төрағасы болып тұрғанда Республика күнімен құттықтау жіберіп, бір кітабын сыйға тартыпты.

Бір ақсақал айтыпты ғой: тоқсанға келем деген жасым ба, быламық ішем деген асым ба деп. Сол кісі айтпақшы, Аманжол Нұрмұхамбетұлына сексеннің сеңгіріне шығыңыз, тоқсанның быламығын ішіңіз, жүзге қарай қадам басыңыз демекпін.

**Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының және Астана қалалық Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі**

***Құрметті Аманжол Нұрмұхамбетұлы!***

*Сізді қалалық Ардагерлер кеңесі және барлық елорда ардагерлері атынан 80 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Уақыт – адам баласы тоқтата алмайтын алып кеме. Сол кеменің жүрісімен сіз де өмір толқындарымен араласа алға жүзіп келесіз.*

*Еңбек жолын 1961 жылы Ерейментау локомотив депосында тепловоз машинисінің көмекшісі болып бастап, сіз ізденімпаз, еңбексүйгіш қасиеттеріңіздің арқасында талай мамандық және басшылық қызметтерін атқардыңыз. Партия, мемлекеттік, қоғамдық органдарда жоғары лауазымды абыройлы еңбек жасадыңыз.*

*Елге, жерге сіңірген еңбегіңіздің әр жылдары ең жоғары мәртебелі атақтармен және сыйлықтармен, түрлі мемлекеттік наградалармен аталып өтуі сіздің осы ғибратты өмір жолыңыз бен жемісті еңбегіңіздің лайықты әрі айшықты нәтижесі екені сөзсіз.*

*Осы қуанышты күнде шын көңілден шыққан ізгі-ниет, ақ тілегімізді қабыл алғайсыз. Сізге және сіздің отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық, дендеріңізге саулық, өмір жасыңыз ұзақ болуын, балаларыңызбен қуанышты, бақытты күндеріңіз көп болуын тілейміз. Әрқашан еліміз бен халқымыздың құрметі мен қошеметіне бөлене беріңіз!*



***Сансызбай ЕСІЛОВ,***
***қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы***

# АУЫЗАШАР ДҰҒАСЫ



Дұғаның қабыл болатын кейбір сәттері болады. Соның бірі – ауызашар уақыты. Бұл жайында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мына үш кісінің дұғасы қабыл: ораза ұстаған кісінің ауызашар сәтіндегі дұғасы, әділ имамның және жәбірленуші кісінің дұғасы» деген.

**Ауызашарда мына дұғаны оқу – сүннет:**

«Иә, Алла! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Өзің берген ризықпен ауыз аштым. Саған иман келтіріп, саған тәуекел еттім. Рамазан айының ертеңгі күніне де ауыз бекітуге ниет еттім. Сен менің өткен және келер күнәларымды кешіре гөр!».

**АУЫЗАШАР БЕРУДІҢ САУАБЫНАН ҚҰР ҚАЛМАҢЫЗ**

Ораза ұстағандарға ауызашар берудің сауабы мол, әрі ол мұсылман баласына тән қонақ күту ғұрпы болып табылады. Алла Елшісі: «Ораза ұстаған кісіге Ауыз аштырғанға ораза ұстаған кісінің сауабындай сауап жазылады. Бұдан ораза ұстаған кісінің сауабы кемімейді» дейді.

Аузы берік адамға бір құрма немесе зәйтүн тәрізді азық беру де ауыз аштырудың сауабына кенелтеді. Әсілі, ауызашарды беруді үлкен игілікті іс деп білген жөн. Хадистерде ауызашарға келген кісі дастарқан басына отырған кезде үй иесіне періштелердің дұға ететіні айтылған. Бір хадисте былай делінген: «Қияметте Алла Тағала кей адамдардан: «Маған неге тамақ жегізбедің?» деп сұрайды. Әлгі адам: «Сен барлық әлемдердің иесісің ғой, мен саған қалайша тамақ бермекпін?» дейді. Сонда Алла Тағала: «Қарны ашып келген досыңа тамақ бермедің. Егер оған тамақ бергеніңде маған тамақ жегізгендей сауап алар едің» дейді. Сонымен қатар жұмақта майда тілділерге, басқаларға тамақ жегізгендерге және ел тегіс шырт ұйқыда жатқанда тұрып намаз оқығандар үшін арнайы берілетін керемет сарайлардың болатындығы да риуаяттарда кездеседі.

Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Саад ибн Убаданың жанына келгенде, ол Пайғамбарға бір тілім нан мен зәйтүн ұсынды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ауыз тиіп болып: «Дастарқаныңыздан ораза ұстағандар дәм татсын. Астарыңызды ізгі кісілер жеп, періштелер Сіздерге дұға етсін» деді.

Жора-жолдастарға дастарқан жайып, тамақ берудің артықшылығы жайлы хазірет Әли (р.а.): «Достарға жегізген бір нан пақырларға берген бес наннан артық. Достармен бірге тамақ жеу құл азат еткеннен сауапты» деген екен.

**(Ә.Дербісәлінің «Рамазан нұр шашқан ай» кітабынан ықшамдалып алынды).**

**СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР**

# КҮНІ БОЙЫ ҰЙЫҚТАСА ОРАЗА ЕСЕПТЕЛЕ МЕ?



Рамазан айында көпшіліктің тарапынан оразаға қатысты алуан түрлі сұрақ туындайтыны белгілі. Сол себептен газетіміздің №37 (30 наурыз, 2023 жыл) санында «Ораза: сұрақтар мен жауаптар» деген айдармен өзекті сұрақтар мен олардың жауаптарын жариялауды бастаған едік. Бүгін осы айдардың аясында оразада күні бойы ұйықтау, оразаның қазасын өтеу, фидия төлеу, әйелдерге тән жағдайларға қатысты сұрақ-жауаптар топтамасын ұсынып отырмыз.

**Сұрақ:** Оразада күннің басым бөлігін ұйқымен өткізсе, ораза есептеле ме?

**Жауап:** Рамазанда күннің басым бөлігін ұйқымен өткізсе, ораза есептеледі. Алайда қажетсіз осылай жасаса, сауап азаяды. Себебі артық ұйқының себебінен көптеген ізгі амалдарды жасау мүмкіндігінен айырылады.

**Сұрақ:** Оразаның қазасын өтегенде арасын үзбей ұстау керек пе?

**Жауап:** Арасын үзбей ұстау шарт емес. Бөліп тұтамын десе де өз еркі. Сондай-ақ үзбей ұстауына да болады.

**Сұрақ:** Кәффарат оразасын үзбей қатарынан ұстау шарт па?

**Жауап:** Кәффарат оразасы – 60 күн. Яғни, арасын үзбей қатарынан екі ай тұту – міндет.

**Сұрақ:** Фидия төлеуге кімдер міндеттеледі?

**Жауап:** Рамазан айында ораза ұстауға қауқары келмейтін қарт немесе созылмалы ауруы бар науқас бір міскіннің қарнын әр күн сайын екі мезгіл тойдыруы арқылы фидия төлемін өтейді. Ауруынан айығатын науқастың фидия төлеуіне болмайды. Мұндай науқас дертінен айыққан соң оразасының қазасын өтеуі тиіс. Бұл үкім денсаулығының түзелуінен үміті жоқ кісілер мен қарттығынан ораза ұстай алмайтындарға ғана жүреді.

**Сұрақ:** Қан алдыру немесе хижама жасату оразаны бұза ма?

**Жауап:** Хижама дегеніміз – емдік мақсатпен дененің ауырған орнынан қан алдыру. Ораза кезінде түрлі себептермен денеден қан алдыру немесе емдік мақсатта хижама жасату оразаны бұзбайды. Дегенмен, қан алдыру иммунитеттің әлсіреуіне, соның нәтижесінде оразаны бұзуға мәжбүр ететіндей болса, ораза кезінде қан алдыруға тыйым салынады.

**Сұрақ:** Рамазан айында әйелдерге бояну ға, түрлі жақпаларды немесе лактарды қолдануға бола ма?

**Жауап:** Оразаны сырттан ішке кірген нәрсе бұзады. Сондықтан қолға, бетке жағылған түрлі жақпаларды, лак т.б. қолдану оразаға кедергі келтірмейді. Алайда аталған майлар, лактар су өткізбейтін болғандықтан, құлшылық үшін алынатын дәреттен бұрын сүрту не кетіру қажет.

**Сұрақ:** Етеккір мен нифас кезінде әйелдің оразасы қалай болады?

